

2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың :
332 , 333 , 334 , 335 , 336 , 337 , 338 , 339 , 340 , 341 , 342 , 343 , 344 , 345 , 346 , 347 , 348 , 349 , 350 , 351 , 352 , 353 , 354 (өте құпия)-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
332-ҚОСЫМША

Ескерту. 332-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 қаулысымен.

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Энергетика және минералдық ресурстар саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"
деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 887 653 мың теңге (сегіз жүз сексен жеті миллион алты жүз елу үш мың теңге) .

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңы ;»"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 21-24-баптары ; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28

қазандағы N 1105 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1106 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1107 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы комитетінің мәселелері" 2004 жылғы 28 қазандағы N 1108 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : Энергетика саласында, атом, минералдық ресурстар, мұнай-газ және атом өнеркәсібін қоса алғанда, мемлекеттік саясатты қалыптастыру және басқару процесін үйлестіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Энергетика және минералдық ресурстар саласында мемлекеттік реттеу мен басқарудың үйлестіру процесін жетілдіруді қамтамасыз ету, атом, мұнай-химия және атом өнеркәсібін қоса алғанда мемлекеттік саясатты іске асыру; өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптік қызмет саласында білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, іскерлікті және кәсіби дағдыны шыңдауды жүзеге асыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001		Энергетика және минералдық ресурстар саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету			
2		001	Орталық органның аппараты	Отын-энергетикалық кешенді, мұнай-химия өндірісін, энергетикалық қауіпсіздік пен тәуелсіздікті, радиациялық қауіпсіздікті, минералдық-шикізаттық базаны және минералдық ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету үшін энергетика және минералдық ресурстар саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру үшін орталық орган аппараты Энергетика және	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

минералдық ресурстар саласында қызмет түрлері бойынша біліктілік талаптарын бекітуге инспекция жүргізу; лицензиялық шарттар мен ережелердің сақталуын бақылау, лицензиялар беруді қамтамасыз е т у .

Лицензиарлардың функциясын о р ы н д а у :

- лицензияланатын қызмет түрлерімен айналысуға үміттенуші субъектілерге инспекция жүргізу;
- лицензиялық шарттар мен ережелерді лицензия алушылардың орындалуына тексеріс (инспекция) жүргізу;
- лицензиялық бланкілерді қосымшаларымен сатып алу.

Қазақстан Республикасында, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге құқықты қоса, пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге, оның ішінде мемлекет меншігіндегі техногендік түзілістерді жер қойнауын пайдалану құқығын б е р у ;

Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген конкурста шығаруға жататын жер қойнауы учаскелерінің тізбесі жөнінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы конкурсты жариялау;
- геологиялық ақпаратты сатып алу және конкурстық ұсыныстарды беру туралы конкурста қатысушыларды хабардар ету;
- конкурстарды өткізу жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыру, конкурс нәтижелерін шығару және оларды жариялау.

Жер қойнауына мемлекеттік мониторинг жүргізу.

Пайдалы қазбалар қорларына, пайдалануға берілетін жер

				қойнауы учаскелерін туралы геологиялық және экономикалық ақпаратқа, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу жөнінде жұмыс жүргізуге жобалау-сметалық құжаттамаға және мониторингке мемлекеттік сараптама ұйымдастыру және жүргізу, пайдалы қазбалар қорын бекіту.		
3		002	Аумақтық органдардың аппараттары	Жер қойнауын пайдалану мониторингін жүзеге асыру. Жер қойнауы туралы геологиялық ақпараттың аумақтық қорларының жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Өз құзыретінің шегінде мемлекеттік және салалық бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу. Ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды және олардың орындалуын бақылауды қоса алғанда мемлекеттік қажеттілікке арналған геологиялық зерттеу жүргізуге арналған тапсырыс берушінің мемлекеттік функцияларын жүзеге асыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
4		007	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтер көрсетуді мына бағыттар бойынша сатып алу: - мұнай-газ саласы, - электр энергетикасы, - тиісті салалар бойынша халықаралық стандарттарды үйрету. Мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
5		008	Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу	Өскемен қаласында "Востказнедра" АБ қызметтік ғимаратын, Ақтөбе қаласында "Запказнедра" АБ ғимаратының төбе жабындысы мен қасбетін күрделі жөндеу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
6		009	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарактандыру	Министрліктің, ведомстволар мен аумақтық органдардың қызметін материалдық-техникалық жарактандыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық

						ресурстар министрлігі
7		017	Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету	Ақпарат жүйелерін техникалық, технологиялық және бағдарламалық қамтамасыз ету және алып жүру: - Министрліктің WEB-сайтын; - "ІС-Бухгалтерия"; - "Қаржыландыру жоспарларын қалыптастыру және нақтылау" ИИС-і Шығыс материалдарды, жинақтаманы және қосалқы бөлшектерді сатып алу. Есептеу техникалары мен жабдықтарды жүйелік-техникалық қызмет көрсетуі және жөндеу. Жергілікті желілерді монтаждау. Министрлік, ведомство және аумақтық басқармалар үшін есептеу, желілік, телекоммуникациялық және электр жабдықтары мен бағдарламалық өнімдерді сатып алу, орнату, монтаждау. Телекоммуникациялық қызметтерді төлеу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: энергетика саласында, атом, минералдық ресурстар, мұнай-газ, мұнай-химия және атом өнеркәсіптерін қоса алғанда, энергия үнемдеу, жер қойнауын пайдалану саласында жаңартылатын және дәстүрлі емес энергия көздерін пайдалану саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және мемлекеттік үйлестіру;

- кәсіби деңгейін көтеру - 27 адам;
- мемлекеттік тілде оқыту - 190 адам;
- ағылшын тілінде оқыту - 24 адам.

Түпкі нәтиже: энергетика саласында, атом, минералдық ресурстар, мұнай-газ, мұнай-химия және атом өнеркәсібін қоса алғанда, энергия үнемдеу саласында орнықты дамуды қамтамасыз ету.

Қаржылық-экономикалық нәтиже:

бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін арттыруға арналған орташа шығын - 31,1 мың теңге;

бір мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік тілді оқытуға арналған орташа шығын - 22,1 мың теңге;

бір мемлекеттік қызметшіге ағылшын тілін оқытуға арналған орташа шығын - 23,3 мың теңге.

Уақтылығы: кестемен бекітілген мерзімдерге сәйкес жоспарланған іс-шараларды

о р ы н д а у .

Сапасы: Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне жүктелген функцияларды орындау; мемлекеттік тілді үйрету курсынан өткеннен кейін мемлекеттік тіл бойынша іс жүргізуге көшкен мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 9%; ағылшын тілін үйрету курсынан өткеннен кейін ағылшын тілінде құжаттармен жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 3%; біліктілікті арттыру курстарынан өткеннен кейін жоғары лауазымға тағайындалатын мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 1%; лицензиялау туралы қолданыстағы заңнаманы сақтау және лицензия алушылардың жолсыздықтарын азайту; лицензияланатын қызмет түрлерін алуға үміткер субъектілерге оперативті инспекция жүргізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
333-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылғы арналған

"Пайдалану құқығы мұнай-газ жобалары жөніндегі мердігерлерге берілуі тиіс мемлекеттік мүлікті есепке алуды жүргізуді қамтамасыз ету" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 17598 мың теңге (он жеті миллион бес жүз тоқсан сегіз мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" 2000 жылғы 28 шілдедегі N 422 Жарлығы ; "Қарашығанақ мұнайгаз конденсаты кен орны бойынша Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 қарашадағы N 1568 қаулысы; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Мұнай-газ капиталы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы N 240 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : уәкілетті органды олардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды уақтылы қабылдау мақсатында мұнайгаз жобалары шеңберінде пайдаланылатын мемлекеттік активтердің болуы және жай-күйі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету; мұнай-газ жобалары шеңберінде пайдаланылатын мемлекеттік активтердің есебін жүргізу.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : пайдалану құқығы мұнай-газ жобалары

бойынша мердігерлерге берілуге жататын мемлекеттік мүліктің бухгалтерлік есебін қамтамасыз ету және мұнай-газ операциялары бойынша шығындар өтелгеннен кейін мемлекетке мердігер беретін мүліктің есебін қабылдау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	002		Пайдалану құқығы мұнай-газ жобалары жөніндегі мердігерлерге берілуі тиіс мемлекеттік мүлікті есепке алуды жүргізуді қамтамасыз ету			
2		100	Капиталмұнайгаз	1. Мемлекеттік мекемені бекітілген штат саны - 16 бірлік шегінде ұстау. 2. Мұнай-газ жобалары бойынша мердігерлерге пайдалану құқығы берілуге жататын мемлекеттік активтердің есебін жүргізу. 3. Мекеменің балансына Мердігердің пайдалануынан шығарылған жарамсыз немесе ескі жабдықты одан әрі беру жөніндегі рәсімді әзірлеу. 4. Жедел басқару құқығында Мекемеге бекітілген мемлекеттік меншіктегі газ құбырын игеру жөніндегі үшінші тұлғалардың талап-арыздарына қатысты сот талқылауларында мемлекеттік мүлікті қорғау.	Қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: мұнай-газ жобалары бойынша мердігерлерге берілуге жататын мемлекеттік активтердің есебін жүргізу; құны 65 млрд. теңге мемлекеттік активтердің тізілімін жүргізу.

Пайдаланудан алынған материалдық ресурстарды әлеуметтік сипаттағы мұқтаждығы үшін Батыс Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне беру.

Түпкі нәтиже: мұнай-газ жобаларында мердігерлер пайдаланылатын мемлекеттік тиісті

мүліктің тиісті есебін жүргізу.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір қызметкерді ұстауға арналған шығын - 1100 мың теңге; Қазақстан Республикасы үшін экономикалық тиімділікке өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің шарттарына және концессияның шартына сәйкес активтерді беру жөніндегі міндеттерді орындау жолымен қол жеткізіледі.

Уақтылығы: қаржыландыру жоспарына сәйкес.

Сапасы: "Қарашығанақ кен орнының өнімін бөлу туралы түпкілікті шешім бойынша мердігердің пайдалануында тұрған және Қазақстан Республикасының газ-көлік жүйесі мен шаруашылық қызметінің ішкі және халықаралық концессиясының шарты бойынша концессионерге берілген мемлекеттің мүліктің бухгалтерлік есебін жүргізу" нұсқаулығына сәйкес есепке алуды жүргізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

334-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007

жылға

арналған

"Жер қойнауын пайдалану геологиясы саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 93347 мың теңге (тоқсан үш миллион үш жүз қырық жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : » "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңының 18-бабы ;»"Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабы ;»"Елдің минералдық-шикізаттық кешені ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1449 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : қолданыстағы тау-кен және мұнай өңдеу кәсіпорындары үшін пайдалы қазбалардың қосымша қорларын анықтауға жіберген геологиялық зерттеулердің тиімді жүйесін құру және жетілдіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : көмірсутегі шикізаттарының, ірі мыс кен орындарының, қорғасын, мырыш, алтын, сирек кездесетін металдарын орналасуының өңірлік және локалды заңдылықтарын анықтау; геология барлау жұмыстарын жүргізу

үшін техниканың жаңа үлгілерін әзірлеу; геология барлау жұмыстарын жүргізу кезінде жаңа ғылыми концепциялар мен тәсілдемелерді әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	003		Жер қойнауын пайдалану геологиясы саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	Жер қойнауын пайдалану геологиясы саласында қолданбалы ғылыми зерттеулерді үш бағыт бойынша жүргізу : 1. Минералдық-шикізат базасының жай-күйін бағалау мен дамуын болжамдау және оны ақпараттық қамтамасыз ету. 2. Қазақстан аумағының геологиялық дамуының тұжырымдамаларын әзірлеу . 3. Геологиялық-барлау жұмыстарының жаңа технологиясын әзірлеу . 4. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу жөніндегі қызметке ақы төлеу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: 1: 1000000 масштабында Қазақстан Республикасының тектоникалық картасы; Қазақстанның негізгі сутуралар аумағының металдылығын бағалау және оның шегінде алтынды, мысты, полиметалдарды іздестіру жұмысын жүргізу жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар; жер қойнауын бағалау үшін аэроғарыштық мәліметтерді пайдаланудың жаңа әдістері; Қазақстан Республикасы геологиялық мұражайының қазбалар фаунасының коллекциясын толықтыру.

Түпкі нәтиже: пайдалы қазбалар кен орындарын анықтау үшін тектоникалық негіз: Қазақстанның негізгі сутуралар аймағы шегінде пайдалы қазбаларды анықтау арқылы Балқаш маңы өңірінде минералды-шикізат базасын нығайту; жер қойнауын бағалау үшін аэроғарыштық мәліметтерді пайдаланудың жаңа әдісі.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: жер қойнауын пайдаланудың геология саласында қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізудің жалпы құны (мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу бойынша қызметіне ақы төлеуді қоса алғанда)

м ы н а н ы қ ұ р а й д ы :

- "Минералды-шикізат базаларын дамытудың және оны ақпаратты қамтамасыз ету жағдайы мен болжамын бағалау" бағыты бойынша - 53857 мың теңге;

- "Қазақстанның аумағын геологиялық дамыту концепциясын әзірлеу" бағыты

б о й ы н ш а - 2 5 2 6 7 м ы ң т е ң г е ;
- "Геологиялық барлау жұмыстарының жаңа технологиясын әзірлеу" бағыты бойынша -
1 4 2 2 3 м ы ң т е ң г е .

Уақтылығы: ғылыми-техникалық әзірлемелерді жүргізудің нақты және белгіленген
м е р з і м д е р і н е с ә й к е с .

Сапасы: минералды шикізаттар мен көмірсутектерінің маңызды түрлерінің қиын
ашылатын кен орындарын олардың ашылуы үшін ғылыми негізін құру жолымен
анықтау; пайдалы қазбалардың кен орындарын анықтау кезінде геологиялық
жұмыстардың мерзімдері мен шығындарын қысқарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
335-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Отын-энергетика кешені, мұнай-химия және минералдық ресурстар
саласындағы технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"
деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 843044 мың теңге (сегіз жүз қырық үш миллион қырық төрт мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : » "Ғылым туралы"
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан
Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға
арналған стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17
мамырдағы N 1096 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында атом энергетикасын
дамытудың 2004-2008 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарламасын бекіту
туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысы ;
"Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының проблемаларын кешенді шешу
жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 қыркүйектегі N 927 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің
қ а р а ж а т ы .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : атом энергетикасын дамытуға және
қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған ғылымды қажетсінетін ядролық
технологияларды әзірлеу. Шикізаттық бағыттан алшақтауға ықпал ететін
экономиканың салаларын әртараптандыру жолымен елдің орнықты дамуына қол
жеткізу, ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін
шарттар әзірлеу, ауыр иондарды пайдаланумен физика, биология саласында кешенді

ғылыми зерттеулерді дамытуға бағытталған ғылымды қажетсінетін технологияларды, әдістер мен жүйелерді әзірлеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : жетекші атомдық державалардың тәжірибесі есебінен озық технологиялар негізінде Қазақстанда атом саласын ғылыми-техникалық қолдау, радиоэкологиялық зерттеулердің аппаратуралық және әдістемелік базаларын дамыту, қазіргі халықаралық талаптар деңгейінде радиоактивті қалдықтармен және ядролық отынмен игерілген тиімді айналыс жүйесін құру, радиофармпрепараттары өндірісінің ұлттық саласын құру, пайдаланудың штаттық және экстремалдық жағдайында ядролық және термоядролық энергетика мен өнеркәсіп үшін материалдарды, тораптарды элементтер мен құралымдарды сынау және зерттеу, КТМ Тоқамақта оларды құралымдық материалдарды таңдау және сынау режимі бойынша ұсыныстар әзірлеу, термоядролық энергетиканың проблемалары бойынша инвестиция тарту және халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету, жаңа технологиялық шешімдер мен ядролық және термоядролық қондырғылардың құралымдарын меңгеру, жаһандық халықаралық жүйенің құрамында геофизикалық мониторинг желілерін одан әрі дамыту, электр энергиясы мен электр тасымалдаушыларды импорттың орнына қолдану, нашар зерттелген және қиын алынатын орташа, шағын кенді және кені жоқ объектілерді кешенді бағалау әдістерін жетілдіру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/c	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	004		Отын энергетика кешені, мұнай-химия және минералдық ресурстар саласындағы технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	1. "Қазақстан Республикасында атом энергетикасын дамыту" ғылыми-техникалық бағдарламаларын іске асыру. 2. Курчатов қаласындағы Тоқамақ Қазақстандық термоядролық материалтану реакторын жасау мен пайдалануды ғылыми-техникалық қолдау. 3. Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларының орташа, шағын кен орындарын игеру және тендер алдындағы дайындық кезіндегі геотехнологиясын дамыту. 4. ДЦ-60 ауыр иондарды жеделдеткіш базасында физика, химия, биология және озық технологиялар саласында кешенді ғылыми зерттеулерді дамыту. 5. Қазақстан Республикасы	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық

			<p>Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің бұйрығымен бекітілген, сатылып алынатын жабдықтар тізбесіне сәйкес қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарға күрделі трансферттерді аудару.</p> <p>6. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу.</p>	ресурстар министрлігі
--	--	--	---	-----------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т і к е л е й

н ә т и ж е :

1.»Қазақстан Республикасында атом энергетикасын дамыту» бағдарламасы бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу:

Қазақстанда атом ғылымының даму проблемалары жөнінде Интернетке кірудің жалғыз нүктесі ретінде www.nuclearenergy.kz ақпараттық порталы құрылды; конструкциялық материалдардың ағуы, қаттылығы және жайылу жылдамдығы шектеріне қысылтаяң жағдайында ВВР-К реакторында алдын ала сәулеленудің уақыт әсері бойынша эксперименттік деректері алынатын, БН-350 атом реакторында пайдаланылатын 12X18Н10Т конструкциялық болат үлгілерде құрылымдық-фазалық өзгертулердің эксперименттік заңдылықтары белгіленді; жеткіліксіз байытылған отынмен ИВГ.1М реакторының белсенді аймағының физикалық сипаттамалары, оларды пайдалану және штаттық емес режимдерде жұмыс істеуден кейін ТВС конструкциялық материалдарының жағдайы мен ерекшеліктері туралы ақпарат алынатын болады. ИВГ.1М реакторы үшін жеткіліксіз байытылған отынмен перспективалы белсенді аймағының техникалық сипаттамалары; республикалық деңгейде бекітілген объектілердің паспорттары, талдамалық әдістемелер кешені және облыстық және республикалық органдар салалары деңгейінде қабылданған нормативтік құжаттама; топырақ пен өсімдіктердің әр түрлері үшін "топырақ-өсімдік" жүйесінде табиғи және жасанды радионуклидтердің көшу процесін сипаттайтын сандық деректер алынды. Жұмыс істейтін қондырғылар ауданында радиациялық жағдайды болжау. Актілер, хаттамалар, есептер; геоэкологиялық мониторингтің аппаратуралық-бағдарламалық кешені үшін принциптік схемалардың түзетілген жинағы, аппараттық-бағдарламалық құралдардың жұмыс істейтін кешені жасалды.

ПЯВ-тің 1-2 объектілерінде сынамалы пайдаланудың нәтижелері алынды; Ауыр иондарды имплантациялау кезінде тереңде көмілген кедергілік қабаттардың қалыптасуынан алынған термикалық берік жабындылармен көлемді материалдар үлгілері жасалды. Салмағы тең емес процестердің термодинамика тәсілдері негізінде; иондық имплантациялау кезінде көмілген кедергілік қабаттардың қалыптасу теориясы әзірленді;

модельдік таза металдар (Fe, Ni) мен тоттанбайтын болаттардың (04X16H11M3T, 12X13M2БФР) құрылымы мен механикалық қасиеттеріне гелиймен алдын ала қоспалау рөлі және ауыр иондарды (Fe, Ni) имплантациялаудың кейінгі әсері белгіленді; ауыр иондардың (Fe, Ni, Kr, Xe) әсер ету нәтижесінде 12X18H10T, 04X16H11M3T тоттанбайтын хром-никель болаттардың және САВ-1 алюминий қорытпасының үстіңгі қабаттары құрылымының тоттану зақымдануы мен деградацияға ұшырау заңдылықтары анықталды;

планарлық иондық-пассивтелген силиконды (ПИПС) детекторларда иондардың әртүрлі энергиялары кезінде С-тен Fe-ге дейінгі ауыр иондар үшін амплитудалық ақауды (жеңіл зақымданған бөліктер мен детекторлық импульстар амплитудаларының тең кезіндегі ауыр иондардың энергияларының айырмашылықтары) эксперименттік зерттеу жүргізілді; ПИПС детекторлар үшін ауыр иондардың массасымен және энергиясымен импульс амплитудасын байланыстыратын калибрлік теңдеу белгіленді; ауыр иондардың спектрометриясы негізінде үлестік тежеу шығындарын өлшеу әдістемесі әзірленді; көміртеkte С-тен Fe-ге дейінгі иондардың үлестік тежеу шығындарын өлшеу жүргізілді;

таяудағы және кулондық кедергіден төмен энергиялар кезінде ядролардың төмен жатқан күйлерін қозғаумен көміртектен пен ауа ядроларында көміртектің тығыз және бос шашырауының дифференциалдық қималары өлшенетін; кері геометрия әдісімен жеңіл ядроларда көміртектің резонанстық шашырау қозғалу функциялары өлшенді; нақты ағын сулардың кейбір типтерінде жасанды және табиғи радионуклидтердің болу нысандарын сипаттайтын физикалық-химиялық деректер кешені алынатын; ағын суларды технологиялық өңдеудің әртүрлі процестерінде, олардың құрамында бірқатар радионуклидтердің болу нысандарын түрлендіру процестері зерттелетін; ҚР ҰЯО ЯФИ-дің ағын суларын тазалау технологиясының және негізгі радионуклидтерден "УМЗ" АҚ-тың уран өндірісінің негізгі элементтері әзірленді; термикалық қорғаумен өңдеуді, оның ішінде, биологиялық материалды генетикалық талдау үшін пайдаланатын реагенттерді талап ететін материалдарды суықпен стерилдеу әдістері әзірленді;

қоректену орталарының компоненттерін құрайтын микробиологиялық субстраттарды тазалау әдістері әзірленді;

мембраналық сүзгілердің бактерицидтік қасиеттері зерттелді; мембраналық сүзгілерді пайдаланумен геномдық және плазмидтік ДНК-ні бөлу және тазалау әдістері әзірленді.

2. Қазақстандық термоядролық материалтану реакторын жасауға және пайдалануға ғылыми-техникалық қолдау жөнінде қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу: КТМ материалдарының үлгілері мен диагностикалық жүйелерінің элементтерін имитациялық сынауларға арналған стенд құрамына кіретін имитациялық қондырғының жабдықтары мен технологиялық жүйелері жөнделді; плазманы сөндіру, физикалық диагностика мен қабырғалық және тозаңдық плазманың қасиеттерін зерттеу бойынша

жүйені сынау жөніндегі эксперименттік стендтерде монтаж және іске қосу-жөндеу жұмыстары аяқталды;

КТМ-да көрмеге қойылатын материалдарды сынаулардың оңтайлы режимдерін қамтамасыз ету үшін қажетті плазмалардың диагностикасы және басқару әдістерінің әдістемелік әзірленімі орындалды;

КТМ-да көрмеге қойылатын материалдарды зерттеу әдістерінің әдістемелік әзірленімі орындалды;

сутек изотоптарының жиналуын қоса алғанда, плазманың тоқтау режимі мен пайдаланудың штаттық жағдайларында материалдармен өзара іс-қимылдың есептік-теориялық үлгісі алынды, алынған эксперименттік деректермен салыстырылды;

Web-сайт нысанында токамак КТМ-ны құру жөнінде жұмыс барысын бейнелейтін құжаттарда сақтау мен бейнелеудің, іске қосудың бірыңғай жүйесі әзірленді.

3. Пайдалы қазбалардың орта, шағын кен орындарын игерудің және тендер алдындағы дайындық кезінде геотехнологияларды дамыту жөнінде қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу:

жете зерттелмеген, оның ішінде көлемі шағын және орта объектілерді үлгілеу және бағалау үшін жаңа әдістер мен математикалық үлгілерді әзірлеу; геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге арналған ең аз шығын кезінде жер қойнауын пайдалану объектілеріне қосымша геологиялық ақпаратты алу үшін қазіргі заманғы технологияларды әзірлеу, сондай-ақ бағдарлы керінді іріктеу бойынша тәжірибелік үлгілерге техникалық құжаттама;

зерттелетін жер қойнауын пайдалану объектісінің кеніштік сынамаларының шектеулі саны негізінде кендердің байыту сипаттамаларын уақытынан бұрын және жедел табудың сенімді жоғары дәрежесіне мүмкіндік туғызатын математикалық үлгілерді әзірлеу;

кендердің заттай және энергетикалық сипаттамаларына байланысты гидрометаллургиялық байыту процестерінің өту байланысын орнату; керінді үздіксіз іріктеумен ұңғымалық өндіру тәсілін қолдану үшін негізгі технологиялық параметрлерді бағалау;

оларды кейін металлургиялық қайта өңдеу үшін өндірілетін кендердің физикалық-химиялық қасиеттерін бағалау үшін әдістемені әзірлеу; нарықтық жағдайларда жете зерттелмеген көлемі шағын және орта кен орындарының бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдістемесін әзірлеу;

кен орындарын игерудің оңтайлы өлшемдерін анықтау әдістемесін құру және кен орындарын геологиялық-экономикалық бағалаудың компьютерлік үлгілері;

кен орындарының негізгі параметрлерінің ықтимал сипатын есепке алу және осыған байланысты оларды өнеркәсіптік игеруге күрделі қаржы салудың экономикалық тәуекелгі жөнінде ұсынымдар беру;

олардың инвестициялық тартымдылығының артуын қамтамасыз ететін шағын және орта кенді және кені жоқ объектілерді дайындаудың ұйымдық-техникалық жүйелерін ә з і р л е у ;

тендер алдындағы дайындық кезеңінде жер қойнауын пайдалануды құқықтық қамтамасыз ету жөнінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін жетілдіру үшін негізгі бағыттарды анықтау және жете зерттелмеген орта және шағын кен о р ы н д а р ы н и г е р у .

Т ү п к і

н ә т и ж е :

- атом энергетикасы саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша: өнеркәсіптік өндірісті одан әрі өсіруге бағытталған жұмыстардың ірі кешенін ғылыми-техникалық және технологиялық қолдау, импортты алмастыратын және сараптық бағдарланған өнімдерді шығаруды ұйымдастыру, жаңа ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық өндірістерді құру және тұтас экономиканы инновациялық қайта құру;

- пайдалы қазбалардың орта және шағын кен орындарын игерудің және тендер алдындағы дайындық кезінде геотехнологияларды дамыту жөнінде: Қазақстан Республикасының: жете зерттелмеген кен объектілерін геологиялық-технологиялық-экономикалық бағалау және ақауға шығару, қорлар мен объектілерді үлгілеудің жаңа технологияларын бағалауға қойылатын талаптар, кендердің байытылуын бағалауды жетілдіру;

- ДЦ-60 ауыр иондарды жеделдеткіш базасында физика, химия, биология және озық технологиялар саласында кешенді ғылыми зерттеулерді дамыту бойынша: ғылымды қажетсінетін озық технологияларды дамыту және жоғары біліммен ғылымды и н т е г р а ц и я л а у .

Қаржылық-экономикалық нәтиже: бағыттар бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулердің құны (ғылыми-техникалық сараптауды қоса алғанда): атом энергетикасын дамытуға - 610259 мың теңге; қазақстандық термоядролық материалтану реакторын жасау және пайдалануды ғылыми-техникалық қолдауға - 74394 мың теңге; Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларын орташа, шағын кен орындарын игерудің және тендер алдындағы дайындық кезінде геотехнологияларды дамытуға - 32330 мың теңге; ДЦ-60 ауыр иондарды жеделдеткіш базасында физика, химия, биология және озық технологиялар саласында кешенді ғылыми зерттеулерді дамытуға - 100 000 мың теңге; мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу жөніндегі қызметтерге ақы төлеуге - 1100 мың теңге; ғылыми жабдықтарды сатып алу үшін ғылыми ұйымдарға 24961 мың теңге сомада күрделі трансферттер аударылды, оның ішінде бағыттар бойынша: атом энергетикасын дамытуға - 5537 мың теңге; қазақстандық термоядролық материалтану реакторын жасауды және пайдалануды ғылыми-техникалық қолдауға - 12957 мың теңге; Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларын орта және шағын кен орындарын игерудің және тендер алдындағы геотехнологияларды дамытуға - 6467 мың теңге.

Уақтылығы: жасалатын шарттарға сәйкес жыл бойы.
Сапасы: ядролық және термоядролық энергетика мен өнеркәсіптің қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыру;

кенді және кенді емес объектілерді бағалаудың әдістемелерін жетілдіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

336-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Қазақстандық Тоқамақ термоядролық материалтану реакторын құру" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 801809 мың теңге (сегіз жүз бір миллион сегіз жүз тоғыз мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : » "Қазақстан Республикасының Индустриалдық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы № 1096 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясының квотасы бойынша Халықаралық термоядролық реактор жобасына енгізу туралы ІТЭР Кеңесінің 1994 жылғы 28 шілдедегі 6-сессиясы шешімдерінің шеңберіндегі қызметті дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1998 жылғы 22 шілдедегі № 143 - Ө өкімі .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : реакторлық материалтану үшін Қазақстан Республикасында бірінші Тоқамақ термоядролық қондырғыны (КТМ) құру, Қазақстан Республикасында ғылымды қажетсінетін және ядролық технологияларды дамыту, Республикада ғылыми әлеуетті дамыту, термоядролық реакторлардың конструкциялық материалдарын зерттеулерді жүргізу, зерттеу материалдарының жаңа кешенді әдістерін пысықтау .

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : зерттеу жүргізу, конструкциялық материалдарды сынау әдістерін пысықтау үшін физикалық диагностикалар әдістемелері мен жүйелерін әзірлеу және игеруге арналған жағдайларды қамтамасыз ету; өлшемдердің әдістемелік базасын құру; басқарылатын термоядролық синтез саласында зерттеулерді жүргізу үшін халықаралық зертхананы құрудың ұйымдық іс-шараларын жүргізу .

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

№ п/с						
-------	--	--	--	--	--	--

	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	005		Қазақстандық Тоқамақ термоядролық материалтану реакторын құру	Белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттамалық тәртіпке сәйкес Тоқамақ Қазақстан термоядролық материалтану реакторын құру жөніндегі іс-шараларды орындау: 1. Ғимараттар мен құрылыстар салуды аяқтау. 2. ҚТМ қондырғысының дайындауын аяқтау. Қондырғыны жинау және зауыттық сынау. Демонтаж және ҚТМ қондырғысын Курчатов қаласына жеткізу. 3. ҚТМ құрылғысының қосымша технологиялық жүйесін құруды жалғастыру. 4. Плазманы жоғары жиілікте қыздыру жүйесін құруды жалғастыру. 5. ҚТМ құрылғысының физикалық диагностиканы құруды жалғастыру. 6. Вакуумдық сорып алу, газ жіберу және сөндіру жүйесін құруды жалғастыру. 7. Технологиялық салқындату жүйесін құруды жалғастыру. 8. Автоматтандыру тәжірибелер жүйесін құруды жалғастыру. 9. Импульсті электрмен жабдықтау жүйесін құруды жалғастыру. 10. Инженерлік жүйелерді пайдалану және ҚТМ кешенін күзетумен қамтамасыз ету. Отын сатып алу. 11. Пайдалану құжаттамаларын әзірлеу мен персоналды дайындау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру.	Ақпан - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: жылжымалы диверторлық құрылғымен, транспортты-шлюздік құрылғымен, электр магниттік жүйемен жинақта ҚТМ қондырғысын зауыттық сынау, Курчатов қаласының алаңына ҚТМ қондырғысын тасымалдау және буып-түю жүргізілді. Ғимараттар мен құрылыстар салу аяқталды. Ішінара: жабдықтар мен материалдарды сатып алынды, Вакуумдық жүйелерінің вакуумдық постарын қалыпқа келтіру және жинау, ҚТМ қондырғысы мен автоматты басқару кешенінің кіші жүйелерін қалыпқа келтіру және

жинау бойынша жұмыстар орындалды. Жекелеген жүйелерді дайындау бойынша: плазманы жоғары жиілікте қыздыру, вакуумдық камераны қыздыру және кондиционерлеу жұмыстары орындалды. ҚТМ кешені жүйесіне пайдалану құжаттамаларын әзірлеу бойынша жұмыстар жалғастырылды. Жылыту маусымы үшін отын сатып алынды, инженерлік жүйелерді пайдаланумен қамтамасыз ету және КТМ кешенін күзету. Түпкі нәтиже: КТМ кешеніне қондырғыларды зауыттық сынау және жеткізу. Қаржылық-экономикалық нәтиже: Қазақстан Республикасы үшін экономикалық тиімділік жаңа технологиялық дағдыларды іске асыру, ұлттық ғылыми-техникалық персоналды дамыту, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жөну, инновациялық қызметті ынталандыру арқылы қол жеткізіледі. Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес жұмыстардың жоспар-кестесіне сәйкес. Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

337-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Курчатов қаласында "Ядролық технологиялар паркі" технопаркін құру" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 3470000 мың теңге (үш миллиард төрт жүз жетпіс миллион теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ядролық технологиялар паркі" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 тамыздағы № 832 қаулысы ;»Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламаларын жалпыұлттық жоспарын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы № 222 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ядролық энергетика саласында жаңа технологиялар мен жоғары технологиялық әзірлемелерді құру және енгізу.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жоғары технологиялық әзірлемелерді нарыққа шығаруды жылжыту үшін осы заманғы инфрақұрылым құруды қамтамасыз ету, оларды өнеркәсіптік өндіріске енгізу.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	007		Курчатов қаласында "Ядролық технологиялар паркі" технопаркін құру	"Ядролық технологиялар паркі технопаркін құру үшін төмендегі іс-шаралар бойынша жарғылық капиталын ұлғайту: 1. Ядролық технологиялар паркі АҚ-тың жұмыс істеуін қамтамасыз ету; 2. радиациялық технологиялар кешенінің құрылысын бастау; 3. радиациялық технологиялар кешенінің жабдықтарын сатып алу мен монтажды бастау; 4. ядролық реакторлық кешеннің жобасын әзірлеу; 5. ғылымды қажетсінетін өндірістердің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу; 6. әкімшілік-өндірістік сектордың ғимараттары мен құрылмаларының құрылысы және қайта құру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру, инженерлік желілер мен коммуникацияларды қайта қалпына келтіру және жөндеу; 7. ақпараттық-телекоммуникациялық байланыс желісін құруға арналған жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу; 8. ақпараттық-телекоммуникациялық байланыс желісін құру жөніндегі жұмысты бастау; 9.»Ядролық технологиялар паркі технопаркi базасында инновациялық жобаларды іске асыратын қорлар мен компаниялардың жарғы капиталына үлестік қатысу арқылы инновацияны енгізу, ғылымды қажетсінетін, оның ішінде бірлескен өндірістерді құру; 10. мамандарды даярлау және қайта даярлауды бастау.	Қаңтар - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже:»" Ядролық технологиялар паркі" АҚ-тың жұмыс істеуін қамтамасыз ету; радиациялық технологиялар кешенінің құрылысы бойынша жұмыс көлемінің орындауы ; радиациялық технологиялар кешенінің жабдықтарын сатып алу мен монтаждың

б а с т а л у ы ;

ядролық реакторлық кешеннің жобасы бойынша жұмыс көлемінің орындалуы;
ғылымды қажетсінетін өндірістерді құру жөніндегі бекітілген жобалық-сметалық
қ ұ ж а т т а м а ;

әкімшілік-өндірістік сектордың ғимараттары мен құрылмаларының құрылысы және
қайта құру, инженерлік желілер мен коммуникацияларды қайта қалпына келтіру және
жөндеу жөніндегі жұмыстардың жалғасуы;

ғылымды қажетсінетін өндірістерді құру;

мамандарды даярлау мен қайта даярлаудың басталуы;

ақпараттық-телекоммуникациялық байланыс желісін құру жөніндегі

ж о б а л ы қ - с м е т а л ы қ қ ұ ж а т т а м а ;

ақпараттық-телекоммуникациялық байланыс желісін құру бойынша жұмыс көлемінің
о р ы н д а л у ы .

Түпкі нәтиже: 2011 жылға қарай»"Ядролық технологиялар паркі" технопаркінің
инфрақұрылымын құру ядролық және ілеспе технологиялар саласындағы отандық
әзірленімдер негізінде ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға және
республикада бар ғылыми-техникалық әлеуетті барынша пайдалануды қамтамасыз
е т у г е м ү м к і н д і к б е р е д і .

Қаржылық-экономикалық нәтиже: ядролық және ілеспе технологиялар көмегімен
инновациялық өндірістерді дамыту.

Уақтылығы: жоспар-кестеге сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

338-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Уран кеніштерін тұмшалау және жою, техногендік қалдықтарды көму" деген 008
республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 606308 мың теңге (алты жүз алты миллион үш жүз сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Уранликвидрудник"
республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1998 жылғы 21 желтоқсандағы № 1311 қаулысы ; "Уран өндіретін
кәсіпорындарды консервациялаудың және уран кен орындарын өндірудің салдарларын
жоюдың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 шілдедегі № 1006 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің

қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : таратылатын уран өндіруші кәсіпорындар аудандарындағы тұрғындар мен қоршаған ортаның радиациялық қауіпсіздігін қ а м т а м а с ы з е т у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : уран кеніштерін консервациялау және жою, аумақты шұрайландыру және кеніштердің өнеркәсіптік алаңдары мен оған жалғасып жатқан аумақта орналасқан техногендік уран қалдықтарын көму.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/c	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	008		У р а н кеніштерін тұмшалау және жою , техногендік қалдықтарды көму	1. Балқаш, Дергачев, Ольгин және Аққан-Бұрлық кен орындарының өнеркәсіптік алаңдарын таратуды аяқтау . 2. Батыс кенішін тарату (Қызыл сай кенорны) - жұмысты жалғастыру. 3. "Қошқар Ата" қалдық қоймасының екі радиациялық қауіпті учаскелерін шұрайландыру - жұмыстың басталуы . 4. Қарасай кенішін таратудың жұмыс жобасын әзірлеу (Жиделі, Қостөбе, Безымянное кенорындары). 5. Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының аумағында бұрын геологиялық барлау қызметі болған уран объектілерін шұрайландырудың жұмыс жобасын әзірлеу. 6. Қарағанды және Ақмола облыстарының аумағында бұрын геологиялық барлау қызметі болған уран объектілерін шұрайландырудың жұмыс жобасын әзірлеу. 7. Жамбыл және Қызылорда облыстарының аумағында бұрын геологиялық барлау қызметі болған уран объектілерін шұрайландырудың жұмыс жобасын әзірлеу	Қаңтар - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т і к е л е й

н ә т и ж е :

1) Балқаш, Дергачев, Ольгин және Аққан-Бұрлық кен орындарының өнеркәсіптік алаңдарын таратуды аяқтау. Объект таратылады және Мемлекеттік комиссияға т а п с ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

2) Батыс кенішін (Қызылсай кен орнын) тарату - жұмыстың жалғастырылуы, жұмыс көлемінің орындалуы 2007 жылы - 50% кем емес және жұмыс жобасының іске асырылуының басталуынан 76,4% кем емес.

3) "Қошқар Ата" қалдық қоймасының екі радиациялық қауіпті учаскелерін шұрайландыру - жұмыстың басталуы, жұмыс көлемінің орындалуы - жұмыс жобасына сәйкес объектінің жалпы құнынан 10% кем емес.

4) Мемлекеттік сараптамадан өткізілген Қарасай кенішін таратудың жұмыс жобасы әзірленді (Жиделі, Безымьянное, Қостөбе кенорындары).

5) Мемлекеттік сараптамадан өткізілген Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының аумағында бұрын геологиялық барлау қызметі болған уран объектілерін шұрайландырудың жұмыс жобасы әзірленді.

6) Мемлекеттік сараптамадан өткізілген Қарағанды және Ақмола облыстарының аумағында бұрын геологиялық барлау қызметі болған уран объектілерін шұрайландырудың жұмыс жобасы әзірленді.

7) Мемлекеттік сараптамадан өткізілген Жамбыл және Қызылорда облыстарының аумағында бұрын геологиялық барлау қызметі болған уран объектілерін шұрайландырудың жұмыс жобасы әзірленді.

Түпкі нәтиже: жұмыс аяқталғаннан кейін аумақтың радиациялық ластану деңгейі жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес жобалық көрсеткіштерден аспауы тиіс.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: жобаны бекітілген жобалық-сметалық құжаттаманың құны шегінде іске асыру.

Уақтылығы: күнтізбелік жұмыс жоспарына сәйкес.

Сапасы: жобаларға сәйкес.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.06. N 1052

Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

N 1220 қаулысына

339-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Қарағанды көмір бассейнінің шахталарын жабу" деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 533499 мың теңге (бес жүз отыз үш миллион төрт жүз тоқсан тоғыз мың теңге) .

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдингтік компаниясының құрылымын қайта ұйымдастыру мәселелері

туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 1 қарашадағы N 1415 қаулысы ; "Қарағанды көмір бассейнінің тиімсіз шахталарын одан әрі жабу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 қыркүйектегі N 1479 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : жабылатын газы мол шахталардан болуы мүмкін жағымсыз әсерлерден Қарағанды облысы тұрғындарының өмір тіршілігін қауіпсіз жағдайлармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Қарағанды көмір бассейнінің шахталарын тарату жөніндегі техникалық іс-шараларды орындау және тау-кен жұмыстарынан бүлінген жерлерді қайта өңдеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	009		Қарағанды көмір бассейнінің шахталарын жабу	1. "Қарағанды көмір" АҰАҚ N 1 шахтасын жабу: 1) тарату жұмыстарын жүргізу; 2) жалпы шахталық және басқа; 3) жобалау-іздігіру жұмыстары. 2. "Қарағанды көмір" АҰАҚ N 2 шахтасын жабу: 1) тарату жұмыстарын жүргізу; 2) жалпы шахталық және басқа; 3) жобалау-іздігіру жұмыстары. 3. "Қарағанды көмір" АҰАҚ N 3 шахтасын жабу: 1) тарату жұмыстарын жүргізу; 2) жалпы шахталық және басқа; 3) жобалау-іздігіру жұмыстары. 4. "Арман" ЖШС N 1 шахтасын жабу: : 1) тарату жұмыстарын жүргізу; 2) жалпы шахталық және басқа; 3) жобалау-іздігіру жұмыстары.	Қаңтар - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :
 Тікелей нәтиже: жобаға сәйкес төрт шахта бойынша тарату жұмыстарын жалғастыру, оларды жабу басталғаннан бастап шахталарда тарату жұмыстарының орындалған көлемі: "Қарағандыкөмір" АҰАҚ N 1 шахтасында - 45,2%; "Қарағандыкөмір" АҰАҚ N 2 - 62,7%; "Қарағандыкөмір" АҰАҚ N 3 - 41,1%; "Арман" ЖШС N 1 шахтасын толық т а р а т у .

Түпкі нәтиже: Акті бойынша жергілікті атқарушы органдарға тапсырылған

шұрайландырылған жердің көлемі 2007 жылы - 56,1 га және бағдарламаны іске асырудан бастап - 3097 га.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: жұмыстарды қаржыландыру бекітілген жобалау-смета құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады; жерді шаруашылық айналымға қайтару.

Уақтылығы: күнтізбелік жұмыс жоспарына сәйкес.

Сапасы: жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жұмыстарды орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

340-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Жылу-энергетика кешенін дамыту"

деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 59920 мың теңге (елу тоғыз миллион тоғыз жүз жиырма мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06. № 1052

Қ а у л ы с ы м е н .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 8-бабы ; "Энергия үнемдеу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 25 желтоқсандағы Заңының 7, 11-баптары ; "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 5-бабы ; "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңының 18, 21, 22, 26-баптары ; "Қазақстан Республикасының уран өнеркәсібін және атом энергетикасын дамытудың 2002-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 20 тамыздағы № 926 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : 1) көмір өнімдерінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру және көмір саласының халықаралық стандарттарға көшуіне жағдай туғызу ;

2) Қазақстан Республикасында электр және жылу энергиясының сапасына тұрақты бақылау жүйесін құру, энергия кәсіпорындарының қондырғыларын пайдалану кезінде энергиямен жабдықтау сенімділігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) атом энергиясын пайдалану үшін тұрақты қадағалау жүйесін құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : 1) көмір саласының нормативтік

құжаттарын халықаралық талаптармен үйлестіру;
 2) электр энергетика саласында нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу және қ а й т а қ а р а у ;
 3) атом энергиясын пайдалану объектілерінде тергеу және бұліну есебі бойынша нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	010		Жылу энергетика кешенін дамыту			
2		101	Көмір саласының халықаралық стандартқа көшуін қамтамасыз ету	1. Мемлекеттік стандарттарды әзірлеу: 1) ҚР СТ. Шаң-тозаң түрінде жағуға арналған Қазақстанның көмірлері. Жалпы техникалық талаптар. 2) ҚР СТ. Кокстауға арналған Қазақстанның көмірлері. Жалпы техникалық талаптар. 3) ҚР СТ. Цемент өндірісіне арналған Қазақстанның көмірлері. Жалпы техникалық талаптар. 4) ҚР СТ. Әк өндірісіне арналған Қазақстанның көмірлері. Жалпы техникалық талаптар. 5) ҚР СТ. Кірпіш өндірісіне арналған Қазақстанның көмірлері. Жалпы техникалық талаптар. 6) ҚР СТ. Қу-Шоқы кенорнының көмірлері. Техникалық шарттар. 7) ҚР СТ. Бөрлі кенорнының көмірлері. Техникалық шарттар. 8) ҚР СТ. Майкөбе бассейнінің көмірлері. Техникалық шарттар. 1-бөлім. Шөптікөл	Қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық

			<p>кенорны.</p> <p>9) ҚР СТ. Майкөбе бассейнінің көмірлері. Техникалық шарттар. 2-бөлім. Сарыкөл кенорны.</p> <p>10) ҚР СТ. Майкөбе бассейнінің көмірлері. Техникалық шарттар. 3-бөлім. Талдыкөл кенорны.</p> <p>11) ҚР СТ. Қатты отын. Гранулометрикалық құрамын анықтау.</p> <p>12) ҚР СТ. Көмір. Петрографиялық талдау. 1-бөлім.</p> <p>Терминдер сөздігі</p> <p>13) ҚР СТ. Көмір. Петрографиялық талдау. 2-бөлім.</p> <p>Үлгілерді дайындау.</p> <p>14) ҚР СТ. Көмір. Петрографиялық талдау. 3-бөлім.</p> <p>Мацеральдық топ құрамын анықтау.</p> <p>15) ҚР СТ. Көмірлерді жіктеу.</p> <p>2. Қолданыстағы стандарттарға N 1 өзгерістерді әзірлеу: 1248-2004 ҚР СТ. Қатты минералдық отын. Сапасы бойынша қабылдау тәртібі.</p> <p>3. Көмір өнімінің каталогтары мен жіктеуіштерін әзірлеу:</p> <p>1) "Бөрлі" кенорны 2) "Сарыкөл" кенорны 3) "Талдыкөл" кенорны.</p>		ресурстар министрлігі
3	102	Электроэнергетика және мұнай өңдеу саласында нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу	<p>1. Электр энергетикасы саласындағы нормативтік-техникалық құжаттамаларды талаптарға сәйкес әзірлеу.</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің бөлімшелері мен ұйымдарында еңбекті қорғау жай-күйін зерттеуді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар;</p>	Қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

2) Қазақстан Республикасы жылу электрлік станцияларында көмірді түгендеу жөніндегі әдістемелік сілтемелер;

3) жалпы мәнді электр жүйелеріндегі электр энергиясының сапасын бақылау мен талдау жөнінде әдістемелік сілтемелер;

4) мұнара градиренін қабылдау мен пайдалану жөніндегі типтік нұсқаулық;

5) жылу электр станцияларының отын беруін пайдалану жөніндегі типтік нұсқаулық;

6) ішкіқазандық қондырғыларын тексеру және қабылдау бойынша басқарушы сілтемелер;

7) жылу электр станциясының бу турбиналық жабдықтарын және АЭС қыздырылған ауамен консервациялау бойынша әдістемелік сілтемелер;

8) жылу электр станцияларында су-химия режимін химиялық бақылауды ұйымдастыру және көлемі бойынша әдістемелік сілтемелер;

9) атмосфералық және жоғары қысымдағы деарациялық бағаналарды жаңарту жөніндегі әдістемелік сілтемелер;

10) электрстанцияларына механикалық сынама алғыштарды пайдаланумен түсетін қатты отынның сапасын кіріс бақылауы бойынша әдістемелік сілтемелер;

11) жылу электр станцияларының бу турбиналық цилиндрлердің жылулық ұлғаюын нормаландыру жөнінде

әдістемелік сілтемелер;
12) өндірістік ғимараттарды салу конструкциялары мен жылу электр станцияларының ғимараттарын зерттеу бойынша әдістемелік сілтемелер. 1-бөлім. Темір бетонды және бетонды конструкциялар;
13) өндірістік ғимараттарды салу конструкциялары мен жылу электр станцияларының ғимараттарын зерттеу бойынша әдістемелік сілтемелер. 2-бөлім. Металл конструкциялар;
14) жылу электр станцияларында темір бетонды бу трубалары мен газ тасушыларды пайдалану жөніндегі сілтеме;
15) қолданыстағы жылу электр станцияларының басты корпустарының кровелді жабындарының өрт қауіпсіздігін арттыру жөніндегі ұсыныстар;
16) сұйық отын мен суды сақтау үшін металл резервуарларды пайдалану жөніндегі типтік нұсқаулық;
17) жылу желілері құбыр жолдарының коррозиялық зақымдану сипатын анықтау жөніндегі әдістемелік сілтемелер.
18) бу турбиналық қондырғылардың техникалық жай-күйін жөндеуге дейін және кейін және жөндеу аралық кезеңде бағалау әдістемесі;
19) мазут сақтау үшін металл және темір бетон сұйыққоймаларды жөндеу

			<p>мен қауіпсіз пайдалану жөніндегі ұсыныстар;</p> <p>20) жылу электр станцияларының негізгі жылу энергетикалық жабдықтарын жіберу (тоқтау) сапасын талдау жөніндегі басқарушы сілтемелер.</p> <p>2. Атом энергиясын пайдалану объектілерінде орынданушы сәулелену көздерімен айналысу кезіндегі радиациялық авария мен оқиғаларды қоса бүлінгендерді тергеу мен есепке алу жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеу:</p> <p>1) ядролық реактор қондырғылар жұмысындағы бұзылымдарды тексеру және есепке алу тәртібі;</p> <p>2) ядролық отын циклді кәсіпорындардың жұмысында бұзылымдарды тексеру және есепке алу тәртібі;</p> <p>3) шаруашылық қызметінде пайдаланылатын радиактивті заттектерімен жұмыс істеу кезінде бұзылымдарды тексеру және есепке алу тәртібі;</p> <p>4) зерттеушілік ядролық қондырғылар үшін сапаны қамтамасыз ететін бағдарламаға талап қою;</p> <p>5) зерттеушілік ядролық қондырғылардың қауіпсіздігін дәлелдеу жөніндегі есептің мазмұнына талап қою.</p>	
--	--	--	---	--

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже:

- 1) 2007 жылы және бағдарламаны орындаудан бастап 15 мемлекеттік стандарт және қолданыстағы стандарттарға 1 өзгеріс, 24 стандарт және қолданыстағы стандарттарға 5 өзгеріс әзірленді;
- 2) Бөрлі, Талдықөл, Сарыкөл кен орындары көмір өнімдерінің каталогтары мен жіктеуіштері әзірленді;

- 3) 2007 жылы және бағдарламаның орындалуынан бастап - 123 және электр энергетикасы саласындағы 20 нормативтік-техникалық құжат әзірленді;
4) атом энергиясын пайдалану объектілерінде бұзылушылықтарды тергеу және есепке алу жөніндегі 5 нормативтік-техникалық құжат әзірленді.

Т ү п к і н ә т и ж е :

- 1) тұтастай алғанда, көмір саласы тиісті халықаралық талаптарға 21,3% стандарттармен қамтамасыз етілетін болады;
2) тұтастай алғанда, электр энергетикасы нормативтік-техникалық құжаттамамен 13,7% -ға қамтамасыз етілетін болады;
3) атом энергетикасы нормативтік-техникалық құжаттамамен 2,5% толық қамтамасыз етіледі.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: әзірленімнің орташа құны: мемлекеттік стандартқа - 1466 мың теңге, қолданыстағы стандартты өзгертуге - 1011 мың теңге, каталог пен жіктеуішке - 2140 мың теңге; электр энергетикасы саласындағы нормативтік-техникалық құжатқа - 1430 мың теңге, нормативтік-техникалық құжатты қайта әзірлеуге - 500 мың теңге.

Уақтылығы: жұмыстардың күнтізбелік жоспарларына сәйкес.

Сапасы: отын-энергетикалық кешен өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін халықаралық талаптарға сәйкес нормативтік-құқықтық, ғылыми-техникалық қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
341-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету"

деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 456000 мың теңге (төрт жүз елу алты миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Атом энергиясын пайдалану туралы" 1997 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4, 5, 13-баптары ; "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" 1998 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы; "Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 қыркүйектегі N 927

қаулысы

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : Қазақстанның радиациялық және ядролық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Қазақстан Республикасының аумағындағы қазіргі радиациялық жағдайды және халық үшін радиологиялық ахуалды бағалау; кейінгі радиоэкологиялық мониторингті жүргізу үшін радиациялық-ластанған аумақтар мен алаңдарды белдемдеу; зерттеулер нәтижелері бойынша радионуклидтермен ластанған аумақтарды оңалту және нормативтен жоғары радиоактивтік сәулелену жағдайларынан халықты қорғау жөніндегі ұсыныстарды дайындау; Ертіс химия-металлургия зауытына (бұдан әрі - ЕХМЗ) іргелес аумақтарда радиоактивтік заттар мен қалдықтардың бақылаусыз таралуын болдырмау; оның аумағының ерекшеліктерін ескерумен шаруашылық қызметін жүргізу үшін бұрынғы Семей сынақ полигонының (бұдан әрі - ССП) радиациялық және ядролық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ССП аумағындағы ядролық қару-жарак қызметі қалдықтарының қорларын бағалау, бұрынғы ССП аумағында ядролық жерасты сынақтарын өткізу орындарының ағымды сейсмикалық жағдайын зерттеу, радиоэкология мәселелері жөнінде ақпараттандыру және түсіндіру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	011		Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	1. Қазақстан Республикасының аумағында радиациялық жағдайды зерделеу: 1) 185,0 мың км ² алаңда масштабы 1:1000 000 өңірлік радиогидролит-химиялық түсіру; 2) әрбірінің алаңы 2,3 мың км ² Атырау облысының 1-ші типтік учаскесінде және Маңғыстау облысының 1-ші типтік учаскесінде масштабы 1:200 000 -1:100 000 орта масштабты радиоэкологиялық зерттеулер; 3) Батыс Қазақстанның аумағында 5 радиоактивтік ластану учаскесінде және 15 жоғары радиациялық тау-кен үйінділері бар учаскелерде 15000-1500 масштабты егжей-тегжейлі радиоэкологиялық зерттеулер. 2. Бұрынғы Ертіс химия-металлургия зауытының (ЕХМЗ), радиоактивті қалдықтарды көму пункттерінде және оған іргелес аумақтардағы	Қаңтар - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

радиациялық қауіпті жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу:
1) Первомай ауылдық округының аумағын радиациялық зерттеу аяқтау, оны белсенділігі жоғары және орташа иондаушы сәуле көздерден (ИСК) және радиоактивті қалдықтардан (РҚ) т а з а р т у ;

2) 2005 жылы табылған траншеялық көмулерде табиғатты қорғау және қалпына келтіру іс-шаралары;
3) жұмыс құжаттамасын әзірлеу және технологиялық учаскелерді құру.

3. Бұрынғы ССП-ның қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

1) бұрынғы ССП-ны аумағының шекараларын тексеру және жайластыру; ядролық сынақтар жүргізілген негізгі алаңдарда бұрынғы ССП аумағына рұқсатсыз кіруді шектеу жүйесін әзірлеу. Радиациялық-ластану учаскелерінің шекараларын нақтылау. Қоршалған объектілердің аумағына негізгі өту жолдарынан тыс кедергілерді құру (қалпына келтіру). Ескерту белгілерін о р н а т у ;

2) ССП аумағында шаруашылық жұмыстарын жүргізудің қауіпсіздік тәртібін регламенттейтін нормативтік-техникалық база әзірлеу.

Өртүрлі жұмыс түрлерін жүргізу кезінде нұсқаулықтар мен талаптарды әзірлеу. ССП аумағы үшін типтік санитарлық-гигиеналық паспортты әзірлеу.

Бақылаушы органдарда дайындалған құжаттарды келісу;

3) ССП аумағындағы шаруашылық қызметінің мониторингі.
Жер қойнауын пайдалануға рұқсатты растайтын құжаттарға сәйкес мәлімделген аумақтармен жұмыс жүргізу орындарына орай бақылауды қоса алғанда, рұқсат етілген шаруашылық қызметті бақылау. Полигон аумағы бойынша автокөліктің қозғалу бағыттарын к е л і с у ;

Рұқсат етілмеген етілген шаруашылық қызметін табу. Бақылаушы органдарды хабардар ету ;

Рұқсат етілмеген етілген шаруашылық қызметінің масштабтарын азайту жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу және жүзеге асыру;

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің дерекқор базасын дамыту;

4) Ядролық және радиациялық қауіпті объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұрынғы ССП аумағында орналасқан реакторлық кешендердің физикалық қорғаныш жүйесін жаңғырту; ядролық және радиациялық қауіпті объектілерде болуы мүмкін аварияларды үлгілеу және болжамдау, объектілердің ядролық және радиациялық қауіпсіздік жүйесі мониторингін әзірлеу;

5) ССП аумағында жерасты ядролық жарылыстар жүргізілген орындардың қазіргі сейсмикалық жағдайын зерттеу.

Сары-Өзен алаңының табиғи-техногендік сейсмикалығын зерттеу жөніндегі далалық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу. Балапан және Дегелең алаңдарының табиғи-техногендік сейсмикалығының мониторингі. Нәтижелерді талдау;

6) Балапан және Сары-Өзен алаңдарының бұрғылау ұңғымаларын паспорттау.

Бірқатар бұрғылау ұңғымаларының маңайында жарылыс құбылыстарынан кейін далалық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу. Камеральдық жұмыстар. Бұрғылау ұңғымалары бойынша дерекқор құру. ГИС-ке нәтижелерді енгізу;

7) ядролық және радиоактивті материалдарды таратпау және заңсыз айналымын болдырмау жөнінде зерттеулер жүргізу және жұмыстарды ұйымдастыру.

Радиоактивтік және ядролық материалдармен заңсыз айналысуға қарсы әрекетке бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу. Қазақстан Республикасының

аумағында радиациялық және ядролық материалдармен заңсыз айналысуға қарсы әрекеттердің және таратпау режимін ұстау шаралары, техникалық шешімдері мен әдістері жүйесін әзірлеу;

8) қалдықтармен және уытты қалдықтармен қауіпсіз айналысуды қамтамасыз ететін технологияларды әзірлеу;

Радиоактивтік және улы қалдықтарды және ядролық қызметтің қалдықтарын сақтау объектілерінің мониторингі әдістерін әзірлеу. Оның инфрақұрылымының ерекшеліктерін ескерумен ССП аумағында оларды ұзақ уақыт сақтаудың қауіпсіздігінің негіздемесіне зерттеулер жүргізу;

9) ССП аумағындағы ядролық қару-жарақ қызметі қалдықтарының қорларын бағалау.

Мәртебесі ядролық қару-жарақ қызметі қалдықтарының болуымен шарттасатын радиациялық-қауіпті объектілердің орналасуын анықтау құрамын анықтау (ЯҚҚ). Осы объектілердің ауданында және ЯҚҚ қорларын бағалаудағы жергілікті учаскелерінде радиоактивтік ластануды түгендеу бойынша далалық зерттеулерді жүргізу. Осы объектілердің тұтастығы бұзылған жағдайда радиациялық жағдайды өзгертулерді зерттеуді қорытындылайтын мониторингі жүргізу. Радиациялық-қауіпті объектілерге

радиациялық-гигиеналық паспорттарды құру.

Радиациялық-қауіпті объектілердің дерекқор базасын дамыту;

10) Бұрынғы ССП аумағындағы радиациялық жағдайдың шынайы картасын жасау мақсатында қосымша радиоэкологиялық зерттеулер.

Радиоактивтік ластанудың бұрын табылған учаскелерін түгендеу үшін егжей-тегжейлі зерттеу жұмыстары.

Алаңдық радиациялық ластанумен аз зерттелген аумақтарда тексеру желісін жиілету.

Қоршаған ортаның әртүрлі объектілерінің тритиймен ластану

деңгейі мен сипатын зерттеу.
Қоршаған орта объектілерінің бұрын зерттелмеген радионуклидтермен (хлор-36, технеций-99, плутоний -241 және т.б.) ластану деңгейін зерттеу. Радионуклидтік ластанудың алаңдық бөліну картасын жасау;

11) Жерасты ядролық жарылыстарды өткізу орындары бассейндерінің сарқынды суларының радионуклидтік ластануының мониторингі жүйесін жасау. Су мониторингі желісін құру (1 кезек)

Зерттеулерді жүргізу және аумақтың гидрологиясы мен гидрогеологиясын анықтау.

ССП-нің жалпы гидрогеологиялық үлгісін жасау. Жерасты ядролық жарылыстарды өткізу орындарында жер бетіндегі сулардың радионуклидтік ластануының мониторингі желісінің пункттерін құру. Құрылған мониторинг жүйесі базасында үстінгі су ағындарының су мониторингін жүргізу. Су пайдаланудың су объектілерінің жағдайының жүйесін құру және мониторинг жүргізу. Су мониторингін дерекқор базасын дамыту;

12) ССП шегінен тыс радионуклидтердің көшу мүмкіндігін азайту және болдырмау жөніндегі зерттеулер мен жұмыстарды жүргізу. Жерасты сулары бассейнінің радионуклидтермен ластануын зерттеу.

Жүк түсіру саласында жерасты суларымен радионуклидтердің көшуінің мүмкін жолдарын анықтау үшін гидрогеологиялық үлгісін жасау.

ССП шегінен тыс радионуклидтердің түсу мүмкіндігін бейтараптандыру әдістемесін негіздеу;

13) Ақпараттық жүйелерді дамыту және ССП аумағын басқару жөніндегі шешімдерді қабылдау жүйесін құру.

ССП аумағында 1:100 000 масштабында топографиялық карталарды векторлау;

			<p>14) Бағдарлама бойынша жұмыс нәтижелерін ақпараттық қамтамасыз ету.</p> <p>Халықты радиоэкология мәселелері және ССП аумағын пайдалану мүмкіндігі жөнінде ақпараттандыру және түсіндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу. Жұмыс нәтижелерін ақпараттық түсіндіру;</p> <p>15) Құпия.</p>	
--	--	--	--	--

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т і к е л е й

н ә т и ж е :

1. Қазақстан Республикасының аумағындағы радиациялық жағдайды зерттеу:

1) өңірлік зерттеулер бойынша Маңғыстау, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының аумағы бойынша 185 000 мың шаршы км. алаңда масштабты 1:1000 000 радиогидролитохимиялық түсіру орындалатын болады, 2006 жылдың далалық жұмыстары бойынша барлық зертханалық талдаулар аяқталатын болады, 2006 жылдың далалық жұмыстары бойынша барлық зертханалық талдаулардың аяқталуын ескерумен Қазақстан Республикасының тұрғындарына радиациялық жүктеме картасы ж а с а л ы н а т ы н б о л а д ы ;

2) орта масштабты зерттеулер бойынша радиациялық факторлар жиынтығы бойынша олардың радиациялық кернеуліктерін бағалау үшін осы учаскелерге радиациялық паспорттардың макеттерін жасаумен Атырау облысының 1-ші типтік учаскесінде және Маңғыстау облысының 1-ші типтік учаскесінде жан-жақты зерттеу аяқталатын, сондай-ақ 2006 ж. жұмыстар бойынша (Ақтөбе және Оңтүстік Қазақстан облыстары) типтік учаскелерге 2 радиациялық паспорт жасалатын болады;

3) Батыс Қазақстанда 5 тау-кен өндіруші объекті және 15 радиоактивтік ластану учаскесі егжей-тегжейлі зерттелетін және осы объектілерге радиациялық-гигиеналық паспорттардың макеттері жасалатын болады;

4) Қазақстанның 4 облысы бойынша масштабты 1:1000 000 топырақ пен судың радиациялық-химиялық ластану карталары, барлығы 45 карта жасалатын болады;

5) орындалатын жұмыстар бойынша санамаланған карталар мен паспорттардың қосымшасымен бірге ақпараттық есеп жасалатын болады.

2. Бұрынғы Ертіс химия-металлургия зауыты (ЕХМЗ) аумағында, радиоактивтік қалдықтарды көму пункттері мен оған іргелес аймақтарда радиациялық-қауіпті жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу:

Первомай ауылдық округының радиациялық зерттеуді, Первомай кентіне іргелес Барашки ауылының, Северный кентінің, N 5 кенті қосалқы шаруашылығының аумағын ИСК-тен және РАҚ-тан тазартуды және іздестіруді жүргізу; жер астындағы және ағын сулардың радиациялық мониторингінің инфрақұрылымын әзірлеу; 2006 жылғы жобаға сәйкес траншеялық көмулерді (9) радиациялық-қауіпсіз жағдайға келтіру; 22а цехының

ластанған технологиялық жабдығын бұзу және оны дайындау, жеткізу, қабылдау бойынша өндіріске арналған стандарттық емес жабдыққа жұмыс құжаттамасын әзірлеу және 2006 жылғы жобаға сәйкес сынақтары радиоактивтік қалдықтарды сақтау пунктінің аумағында ұзақ қауіпсіз сақтауға РАҚ-ты орналастыруға, сұйық радиоактивтік қалдықтарды (СРҚ) қайта өңдеуге, қатты радиоактивтік қалдықтарды (ҚРҚ) буып-түюге, дезактивтендіруге, дефрагментациялауға арналған жабдықтар, жұмыс регламенттері әзірленетін болады.

3. Бұрынғы ССП-ның қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

Ядролық сынақтар жүргізілген негізгі алаңдардың аумағына рұқсатсыз кіруді шектеу жүйесі құрылды. 3 сынау алаңының шекараларын белгілеу (жалпы ауданы 10 000 м.кв. 10 учаскені). Бұрын орнатылған, бұзылған белгілерді қалпына келтіру.

- әртүрлі жұмыс түрлерін жүргізу кезінде нұсқаулықтар мен талаптар әзірленді;
- су объектілері мониторингінің регламенті;
- ССП аумағында градиентсіз учаскелерді зерттеу жөніндегі нұсқаулық;
- ССП аумағында градиентті учаскелерді зерттеу жөніндегі нұсқаулық;
- ССП аумағы үшін типтік санитарлық-гигиеналық паспорт әзірленді.

Бұрынғы ССП-тің табиғи ресурстарын ұтымды пайдаланудың және онда шаруашылық қызметінің рұқсат етілетін және тиімді тұжырымдамасы әзірленді; шаруашылық жұмыстарын жүргізу кезіндегі радиациялық қауіпсіздіктің талаптарын қамтамасыз ету мониторингінің жаңа деректері; шаруашылық жүргізуші субъектілердің дерекқорын дамыту; Байкал реакторлық кешенін физикалық қорғаудың қазіргі жүйесін ішінара жаңғырту бойынша іс-шаралар орындалды және ядролық объектілердің қауіпсіздігі, ядролық және радиациялық-қауіпті объектілерде авариялардың мүмкін болатын түрлерін үлгілеу мен болжамдау саласында нәтижелер алынды; радиологиялық зерттеулердің жаңа деректері, радионуклидтік ластанудың анықталған карталары ;

бұрынғы ССП аумағында су мониторингінің желісі құрылды және жер астындағы суларымен радионуклидтердің көшуінің жалпы гидрогеологиялық үлгісі әзірленді; Сары Өзен алаңының қазіргі сейсмикалық жағдайы туралы, Дегелең және Балапан алаңдарының қазіргі сейсмикалық жағдайының мониторингі туралы жаңа деректер алынды ;

Балапан алаңының бұрғылау ұңғымаларын паспорттау орындалды және Балапан алаңының бұрғылау ұңғымалары бойынша дерекқор құрылды; бұрынғы ССП аумағында ядролық сынақтар өткізілген жерлердегі ядролық қарулану әрекетінің қалдықтарын табу жөнінде жаңа деректер алынды; ядролық қызмет қалдықтарын оқшауландырудың әдістері мен жобалары әзірленді; барынша ластанған және әлеуетті қауіпті аумақтардың оқшауланған учаскелерін ремедиациялау мүмкіндігін техникалық-экономикалық зерттеу орындалды;

ядролық қару-жарақ қызметінің қалдықтарын, радиоактивтік және уытты қалдықтарды ұзақ уақыт сақтау негізіне техникалық-экономикалық зерттеу орындалды; ГАЖ шешім қабылдау жүйесінің бір бөлігі ретінде жаңа ақпараттық қабаттармен толықтырылды;

бұрынғы ССП өңірінің тұрғындарын ақпараттандыру және түсіндіру. Түпкі нәтиже: бағдарламаны іске асырудан бастап, Қазақстанның барлық аумағының 37% кем емес алаңында нормативтен жоғары сәулелену жағдайларынан халықты қорғау;

2009 жылы бұрынғы Ертіс ЕХМЗ аумағында, радиоактивтік қалдықтарды көму пункттерінде және оған іргелес аумақтарда радиациялық-қауіпті жағдайды жою; ССП шекаралары қалпына келтірілді және белгіленді, техникалық алаңдардың радиациялық ластану картасы жасалды; ССП аумағында шаруашылық қызметін жүргізу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық база және осы қызметтің мониторинг жүйесі қалыптастырылды.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: радиациялық жағдайды белгіленген нормаларға сәйкес келтіру және оны халыққа және қоршаған ортаға радиациялық әсерді шектейтін іс-шаралар кешенімен қамтамасыз ету.

Уақтылығы: жұмыстардың күнтізбелік жоспарына сәйкестігі.

Сапасы: аудан халқының радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

342-ҚОСЫМША

Ескерту. 342-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. № 597 қаулысымен.

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Геологиялық ақпаратты қалыптастыру"

деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 82 943 мың теңге (сексен екі миллион тоғыз жүз қырық үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Қазақстан Республикасындағы жер қойнауының мемлекеттік мониторингі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы № 106 қаулысы ; "Елдің минералдық-шикізат кешенінің ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы № 1449 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : Қазақстан Республикасында мемлекеттік органдарды және жер қойнауын пайдаланушыларды жер қойнауы және жер қойнауын пайдаланушылардың толық және сенімді ақпараттарымен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : жер қойнауының есептілігі және жер қойнауын пайдаланушылардың шарттарын орындау; Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат кешенінде инвестицияларды талдау; геологиялық ақпаратты пайдалануда жинақтау, сақтау және беру; жер қойнауы туралы компьютерлік банк дерекқорын техникалық және технологиялық әкімшілік ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/c	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	012		Геологиялық ақпаратты қалыптастыру	Бекітілген штат санының шегінде оған жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін республикалық геологиялық ақпарат орталығының ("Казгеоинформ" РҒАО) қызметін қамтамасыз ету - 71 бірлік. 1. Жер қойнауының есебі мен жер қойнауын пайдалану шарттарының орындауы : - пайдалы қазбалар кен орындары қорларының мемлекеттік балансын жүргізу ; - кен орындары мен байқалған пайдалы қазбалардың мемлекеттік кадастрын жүргізу; - жер қойнауын қорғау құқығын беруге арналған инвестициялық бағдарламалардың ашық конкурсына шығарылатын объектілердің тізбесін ж а с а у ; - геоақпараттық қамтамасыз ету және жер қойнауын пайдалану объектілерін тіркеу, жер қойнауын пайдалануда келісім-шарт жобаларын келісуге қатысу; - жер қойнауын пайдаланушылардың лицензиялық-келісім шарттық ережелерін орындау есебін	Қаңтар - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- 1-4 ЛКШ нысаны бойынша жер қойнауын пайдалану нәтижелерінің статистикалық айналымы;
- тау-кен және геологиялық бөліністерді дайындау мен тапсыру.

2. Қазақстан Республикасы минералды-шикізат кешенінде инвестицияларды талдау:
- минералдық шикізат түрлері бойынша инвестицияларды талдау;
- әкімшілік облыстар бойынша инвестицияларды талдау.

3. Геологиялық ақпараттарды пайдалануда жинақтау, сақтау және б е р у :

- жер қойнауын пайдалану объектілерінде жұмыстың нәтижелері туралы есептердің республикалық геологиялық қорларын сақтауға қабылдау;
- геологиялық ақпараттың құпиялылығы туралы келісімдерді, геологиялық ақпаратты Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығаруға рұқсатты, геологиялық ақпарат пакеттерін дайындау;
- Геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік тіркеу, Қазақстан Республикасының геологиялық және геофизикалық зерттелуін жүргізу.

4. Жер қойнауы туралы компьютерлік банк дерекқорын техникалық және технологиялық әкімшілік ету.

5. Өзінің құзыреті шегінде геология және жер қойнауын пайдалануды аумақтық басқару қызметіне әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру.

6. Қазақстан Республикасының геологиялық қорында сақтаулы мәтіндік геологиялық есептерді компьютерлік мұрағаттау.

7. Қазақстан Республикасының геологиялық қорында сақтаулы графикалық геологиялық материалдарды

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т і к е л е й

н ә т и ж е :

пайдалы қазбалар кен орындары қорларының мемлекеттік балансын жүргізу - 108 баланс; геологиялық ақпаратты қолдануда технология мен беру ГЗҰ-ны пайдаланумен мемлекеттік геологиялық қорға қызмет көрсету; жер қойнауын пайдалануда келісім-шарт жобаларын келісуге; Тау-кен және геологиялық бөліністерді дайындау және беру; жер қойнауын пайдаланушылардың инвестициялық қызметі нәтижелерінің

тоқсанаралық шолуларын дайындау - 4 шолу;

2002 жылдан бастап - 2007 жыл кезеңінде:

- 12203 мәтіндік геологиялық есеп, оның ішінде 2007 жылы - есептердің жалпы санының 34,6%-ын құрайтын кемінде 608 есеп;

- 1763 есеп бойынша графикалық қосымшалар, оның ішінде 2007 жылы - графикалық қосымшаларды қамтитын есептердің жалпы санының 5%-ын құрайтын кемінде 882

е с е п м ұ р а ғ а т т а л д ы .

Түпкі нәтиже: 2007 жылғы 1 қаңтардағы зерделеудің жай-күйі бойынша пайдаланушыларды толық, уақтылы және сенімді геологиялық ақпаратпен қамтамасыз

е т у .

Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір қызметкерді ұстауға арналған шығын - 1020 мың теңге; іске асқан геологиялық ақпарат үшін республикалық бюджетке төлемдердің

т ү с у і ;

A4 форматтағы орта есеппен 1000 астам беттен тұратын геологиялық есептердің мәтіндік деректерін компьютерлік мұрағаттауға арналған шығындар - 11549,19 теңге;

орта есеппен 1 шаршы м қара-ақ жеткізгіштерден тұратын графикалық ережелерді компьютерлік мұрағаттауға арналған шығындар - 170,44 теңгені, түрлі түсті - 224,84

т е ң г е н і к ұ р а й д ы .

Уақтылығы: белгіленген есептерді белгіленген мерзімінде өткізу.

Сапасы: толық және сенімді ақпарат негізінде дайындалған есептілік.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

343-ҚОСЫМША

Ескерту. 343-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. № 597 қаулысымен.

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007

жылға

арналған

"Мемлекеттік

геологиялық

зерделеу"

деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. Құны : 3 372 769 мың теңге (үш миллиард үш жүз жетпіс екі миллион жеті жүз алпыс тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : » "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы ;»2002-2010 жылдарға арналған»"Ауыз су салалық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 93 қаулысы ;

"Елдің минералдық-шикізат кешені ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1449 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : елдің минералдық-шикізат базасын нығайту және кеңейту .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : пайдалы қазбалардың кен орындарын іздестіру үшін қазіргі картографиялық негіз құру; минералдық-шикізаттың әртүрлі түрлерінің болжамды ресурстарын анықтау; пайдалы қазбаларды іздестіру бағытын анықтау үшін болжамды-минерагеникалық негіз құру; қатты пайдалы қазбалар, көмірсутек шикізатының және жер асты суларының қорларының өсуі; геотермальды суларға арналған перспективалық сулы горизонттарды табу мен зерттеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/c	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	013		Мемлекеттік геологиялық зерделеу			
2		100	Өңірлік және геологиялық түсіру жұмыстары	1. 1:200000 масштабта 38,98 мың шаршы км алаңда геологиялық жете з е р т т е у ; 2. 1:200000 масштабта жер қойнауын гидрогеологиялық жете зерттеу және 13,323 мың шаршы км. алаңында - гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық зерттеу; 3. 6500 кв.км. алаңда кенішті а у д а н д а р д ы геологиялық-минерагеникалық к а р т а л а у ;	Қаңтар - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық

				4. Өңірлік және геологиялық-суретке түсіру жұмыстарын жүргізу кезіндегі дайындық іс-шаралары (ұсақ масштабты картаны дайындау; алға кеткен геофизикалық, геохимиялық жұмыстар; инструктивтік, әдістемелік және нормативтік құжаттарды әзірлеу).		ресурстар министрлігі
3		101	Іздестіру-бағалау жұмыстары	1. 300 шаршы км. алаңда қатты пайдалы қазбаларға іздестіру-бағалау жұмыстарын жүргізу. 2. <i>(алынып тасталды - 2007.07.13. N 597)</i> 3. Шалқар аймақтары шектерінде геология-геофизикалық материалдарды кешенді пайымдаудың аяқталуы. 4. Теңіз ойпатының оңтүстік-шығыс бөлігінің Мұзбел учаскесі шектерінде көмірсутек шикізаттарына іздестіру-бағалау жұмыстарын жалғастыру. 5. Каспий маңы ойысының орталық бөлігінде Бекет-Бесоба учаскесінің шектерінде іздестіру-бағалау жұмыстарын жүргізу басталды.	Қаңтар - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
4		102	Іздестіру-барлау жұмыстары	1. Қазақстан Республикасының 152 ауылдық елді мекендері үшін іздестіру-бағалау жұмыстарын аяқтау. 2. Қазақстан Республикасының 197 ауылдық елді мекендерін қамтамасыз ету үшін іздестіру-бағалау жұмыстарын бастау. 3. Жаркент учаскесінде геотермальды сулардың пайдалану қорларын табу мен бағалау үшін іздестіру-бағалау жұмыстарын жүргізуді бастау.	Қаңтар - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: 1:200000 масштабта 38,98 мың шаршы км² алаңда жаңа буынның геологиялық негізі; пайдалы қазбалардың кен орындарын табуға перспективалы жалпы ауданы 800 шаршы км кем емес учаскелерді бөлу; халықты сумен жабдықтау мақсатында жер асты суларын іздестіруге арналған перспективалы сулы горизонттар мен учаскелерді бөлумен 1:200000 масштабта жер қойнауын гидрогеологиялық жете зерттеу және 13,323 мың шаршы км.алаңында - гидрогеологиялық және

инженерлік-геологиялық зерттеу; 6500 шаршы км алаңда кенішті аудандарды геологиялық-минерагеникалық карталау; өңірлік және геологиялық-суретке түсіру жұмыстарын жүргізу кезіндегі дайындық іс-шаралары - 4 есеп-ұсынымдар; 14 учаскенің шегінде 300 шаршы км. алаңда қатты пайдалы қазбаларға іздестіру-бағалау жұмыстары; Шалқар учаскесінде мұнай-газ сулы құрылымдардың перспективаларын табу мен болжамдау ресурстарын алдын ала бағалау; Теңіз ойпатының оңтүстік-шығыс бөлігінің мұнай-газ сулы перспективаларын бағалау; Бекет-Бесоба учаскесінде терең бұрғылаумен құрылымды дайындау; 152 елді мекендерін ауыз су қорымен қамтамасыз ету және 197 елді мекендеріне іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізуді бастау; Жаркент учаскесінде жұмыстың жалпы көлемінен 40 % геотермальды суларға арналған перспективалы сулы горизонттарды ашу және зерттеу. Түпкі нәтиже: алтынның - 3 тонна, күмістің - 5 тонна, мыстың - 200 мың тонна, полиметалдың - 100 мың тонна, қорларының өсуі нәтижесінде тау-кен өндіру және мұнай-газ өндіру кешендері кәсіпорындарын шикізат ресурстарымен қамтамасыз ету деңгейін көтеру; республикасының 152 ауылдық елді мекендерін сапалы ауыз су қорымен қамтамасыз ету; 2008 жылы Жаркент учаскесінде геотермальды сулардың қорларын бағалау.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: 1:200000 масштабта 1 шаршы км. геологиялық жете зерттеудің орташа құны - 9301 теңге; 1:200000 масштабта 1 шаршы км. өңірлік гидрогеологиялық жұмыстардың 1 км орташа құны - 5992 мың теңге; қатты пайдалы қазбаларға іздестіру-бағалау жұмыстарының бір объектісінің орташа құны - 34240 мың теңге; 1 ауылдық елді мекенді сумен қамтамасыз ету жөніндегі іздестіру-бағалау жұмыстарының орташа құны - 5357 теңге; геотермальды сулардың пайдалану қорларын табу мен бағалау үшін іздестіру-бағалау жұмыстарының бір объектісінің құны - 148220 мың теңге.

Уақтылығы: уәкілетті орган бекіткен объектілік жоспарға сәйкес жұмыстарды жүргізу. Сапасы: нұсқаулық талаптарына сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
344-ҚОСЫМША

Ескерту. 344-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.06. N 1052 Қаулысымен.

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану мониторингі"
деген 014 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 702619 мың теңге (жеті жүз екі миллион алты жүз он тоғыз мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 58, 59, 60-баптары ; "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңының 56, 58, 59-баптары ; "Қазақстан Республикасының Жер қойнауын мемлекеттік сараптау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қазандағы N 1288 қаулысы ; "Қазақстан Республикасындағы Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 106 қаулысы ; "2003-2010 жылдарға арналған елдің минералдық-шикізат кешенінің ресурстық базасын дамыту бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1449 қаулысы ; "Мемлекеттік су кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1378 қаулысы ; "Су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу, суды мемлекеттік есепке алу және оны пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қаңтардағы N 85 қаулысы , "Республиканың сейсмикалық қауіпті аймақтарында қиратқыш жер сілкіністерінің залалын төмендету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 тамыздағы N 1 2 8 6 к а у л ы с ы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : қазіргі экономикалық жағдайда Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларының негізгі түрлерінің минералдық-шикізат базасының нақты жай-күйін белгілеу және Қазақстан Республикасының перспективаға минералдық-шикізат кешенін дамытуды болжамдау; мемлекеттік басқару органдарын Қазақстан Республикасының жер асты сулары мен қауіпті геологиялық процестердің жай-күйі туралы деректермен ақпараттық қамтамасыз ету.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат базасын дамыту болжамымен кен орындарының ірілендірілген геологиялық-экономикалық бағалау; қазіргі жағдайларда республикадағы геологиялық барлау қызметін одан әрі дамыту бағыттары жөнінде ұсынымдарды әзірлеу; мониторингтік дерекқор базасын және лицензиялық және тендерлік объектілер бойынша карталарды жүргізу; геодинамикалық процестерді үлгілеу және болжау; жер қойнауын мемлекеттік сараптау үшін нормативтік-техникалық құжаттарды (әдістемелік нұсқауларды) жасау; өндіріс салалары және жетекші тау-кен кәсіпорындары бойынша анықтамалықты дайындау; Қазақстанда алғаш ашылған минералдардың деректер базасын және коллекциялық қорын жасау, Қазақстан Республикасының аумағында геопарктер құру; Қазақстан Республикасының геохимиялық алаңдар мен аумағының ауытқуын талдау және іздестіру жұмыстарын қою үшін перспективалық алаңдар бөлу,

геология саласын дамытудың әлемдік және отандық үрдістерін талдау және ғылыми-технологиялық қамтамасыз етудің мониторингі, жер асты суларын және қауіпті геологиялық процестерді қоса алғанда, жер қойнауының жай-күйін бақылау; жер асты суларының және қауіпті геологиялық процестердің дамуының жай-күйін бағалау; жер асты суларының ластану және сарқылу учаскелері мен ошақтарын, қауіпті геологиялық процестерді жандандыру учаскелерін табу; жер асты суларының Мемлекеттік су кадастрын (МСК) жүргізу; жер асты суларының және қауіпті геологиялық процестерінің мониторингін жүргізуді сүйемелдеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	014		Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану мониторингі			
2		100	Минералдық-шикізат базасы және жер қойнауын пайдалану мониторингі	<p>1. Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат базасын дамыту мониторингі және болжау :</p> <p>1) 4 көшпелі объектілер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ҚР МEB кеңейту мақсатында іздестіру жұмыстарын қоюға арналған геохимиялық алаңдарды т а л д а у ; - Қазақстанда алғаш ашылған минералдардың деректер базаларын қалыптастыру, және ҚР-да геопарктерді құрудың негіздемесі, геология саласының ғылыми-техникалық жай-күйін қамтамасыз ету мониторингі (2007 жылы аяқталатын 4 объекті бойынша талдау есептері); 2) жобадағы жаңа объектер: <ul style="list-style-type: none"> - анықтамалық-талдау жүйесінің негізінде ҚР МEB мониторингі (мұнай, газ, конденсат және жер асты сулары); -»"жер қойнауын геологиялық зерттеу саласындағы стандарттау, метрология және сертификациялау" <p>мемлекетаралық бағдарлама шеңберінде қойылатын талаптар жүйесін даярлау;</p> <ul style="list-style-type: none"> - 2030 жылға дейінгі кезеңге ҚР 	Қаңтар - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық

			<p>МШК-ің даму болжамы (ҚР тау-кен өндірісінің даму перспективасын көрсететін пайдалы қазбалардың 30 түрлері бойынша материалдар жиынтығы) ;</p> <p>- лицензияланатын және тендерлік объектілердің деректер базасының мониторингі және тапсырылған келісім-шарттық алаңдарды аналитикалық қамтамасыз ету.</p> <p>2. Өндірістің салалары бойынша анықтамалық дайындау және нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу (2008 жылы аяқталатын 1 анықтамалық және 4 әдістемелік нұсқауларды әзірлеу).</p>		ресурстар министрлігі
3	101	Жер асты сулары және қауіпті геологиялық процестер мониторингі	<p>1. Жер асты суларының мониторингі:</p> <p>1) 5005 бақылау пункттерінде жер асты суларының мониторингін жүргізуді жалғастыру;</p> <p>2) жер асты суларының техногенді ластанудың 3 полигонында мониторинг жүргізу ;</p> <p>3) мемлекеттік су кадастрын жүргізу (жер асты сулары);</p> <p>4) жер асты суларының техногенді ластануының Рудный-Қостанай полигонын құрудың бастамасы</p> <p>5) Маңғыстау және Атырау облыстарында жер сілкіну хабаршыларын зерделеу жөніндегі 2 посты құрудың б а с т а м а с ы ;</p> <p>6) жылжымайтын мүлік орталықтарында 3786 мемлекеттік қадағалау пунктеріне арналған құқықты куәландыратын құжаттарды т і р к е у ;</p> <p>7) дистанциондық әдістемелерді қолдана отырып картографиялық және фактологиялық мониторингті орындау мақсатында гидрогеологиялық инженер-геологиялық және тематикалық карталарды жасап-шығарып жер асты сулары мен қауіпті геологиялық</p>	Қаңтар - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық

			процестер мониторингісін жүргізуді қамтамасыз ету. 2. Қауіпті геологиялық процестердің мониторингі: 1) қауіпті геологиялық процестердің 50 постысында мониторинг жасау және жүргізу; 2) Қаскелең-Талғар және Ертіс полигондарында қауіпті геологиялық процестерді жасау және мониторинг жүргізу.	ресурстар министрлігі
--	--	--	---	-----------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т і к е л е й

н ә т и ж е :

- 1) зерттелетін объектілер бойынша 6 (алты) талдамалық есеп;
- 2) көшпелі және жаңа объектілер бойынша Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат базаларының мониторингін жүргізу;
- 3) өндірістің салалары бойынша 1 (бір) анықтамалық, 4 әдістемелік нұсқауларды ә з і р л е у д і б а с т а у ;
- 4) сандық және сапалық көрсеткіштерді бақылау, жер асты суларының режимі мен ластануына жер асты суларының мемлекеттік мониторингі (ЖСММ) мемлекеттік желісінің 5005 бақылау пункттерінде су сынамаларын іріктеу деректері;
- 5) жер асты суларының техногенді ластануының 3 полигонында мониторинг жүргізу;
- 6) жер асты суларының және қауіпті геологиялық процестердің мемлекеттік мониторингінің және мемлекеттік су кадастрының (жер асты сулары) деректер банкін ж ү р г і з у ;
- 7) жерасты суларының техногенді ластануының Рудный-Қостанай полигонын құрудың б а с т а м а с ы ;
- 8) Атырау және Маңғыстау облыстарында жерсілкіну хабаршыларын зерделеу бойынша 2 постыны ұйымдастырудың бастамасы;
- 9) 3786 мемлекеттік қадағалау пунктеріне арналған құқықты куәландыратын құжаттарды жылжымайтын мүлік орталықтарында тіркеу;
- 10) өнеркәсіптік ағымдарын көму аудандарының карталары мен анықтамалары;
- 11) қауіпті геологиялық процестердің 50 постысында мониторинг жасау және жүргізу;
- 12) қауіпті геологиялық процестерді зерделеу жөнінде Қаскелең-Талғар және Ертіс полигондарында мониторинг жасау және жүргізу.

Т ү п к і

н ә т и ж е :

1. Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін минералдық шикізаттардың қорларын табу және арттыру жолымен қамтамасыз ету; жер қойнауын пайдаланушыларды кен орындарының қорлар жіктелімін реттеуші жаңа нормативтік құқықтық актілермен (н ұ с қ а у л ы қ т а р м е н) қ а м т а м а с ы з е т у .
2. Пайдаланушыларды 1 қаңтарға 2007 жылы зерттеу жағдайы бойынша Қазақстан Республикасындағы жерасты суларының және қауіпті геологиялық процестердің

жай-күйі туралы толық, уақтылы және сенімді ақпаратпен қамтамасыз ету.

Қаржылық-экономикалық тиімділігі:

- бір объекті (100 шағын бағдарлама) бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған орташа шығындар - 4985,9 мың теңге;

- бір объекті бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған орташа шығындар (101 шағын бағдарлама) :

1) Жер асты суларының мониторингі:

- 1 бақылау пунктінде жерасты суларының мониторингін жүргізу - 62 мың теңге;

- жерасты суларының техногенді ластануының 1 полигонында бақылау жүргізу - 8333 мың теңге;

- жерасты суларының техногенді ластануының Рудный-Қостанай полигонын құрудың бастамасы - 25000 мың теңге;

- мемлекеттік су кадастрын (жерасты суларының) жүргізу - 20000 мың теңге;

- жерсілкіну хабаршыларын зерделеу бойынша 1 посты құру - 37012 мың теңге;

- 1 мемлекеттік қадағалау пунктіне арналған құқықты куәландыратын құжатты жылжымайтын мүлік орталықтарында тіркеу - 5869 теңге.

Қауіпті геологиялық процестердің мониторингі:

- қауіпті геологиялық процестердің 1 постысында мониторинг жүргізуді бақылау және посты құру - 1250 мың теңге;

- қауіпті геологиялық процестердің 1 полигонында бақылау жүргізу - 33150 мың теңге.

У а қ т ы л ы ғ ы :

1. ҚР мемлекеттік басқару органдарын пайдалы қазбалардың негізгі түрлерінің минералдық-шикізаттық базасын ұтымды пайдалану және ұдайы өндіру жөніндегі негіздемелік шешімдерін қабылдау үшін, жер қойнауын пайдалануға арналған бірінші кезектегі объектілерге байланысты ұсыныспен, олардың жағдайы туралы нормативтік-құқықтық, картографиялық және анықтамалық-талдамалық ақпаратпен шұғыл қамтамасыз ету жер қойнауын пайдалану саласында инвестициялардың көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2. Жер асты суларының және қауіпті геологиялық процестердің жай-күйі туралы ақпаратты, оларды жою жөніндегі басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін ластануы мен қорларының сарқылуын анықтауды дер кезінде ұсыну.

С а п а с ы :

1. Жер қойнауын пайдалану саласында мемлекеттік қызметтерді (геологиялық барлау жұмыстарын, бағаланған пайдалы қазбаларды, картографиялық және анықтамалық-талдамалық ақпаратты) алушыларды қанағаттандыру нарықтық қатынастар жағдайында мемлекеттің экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік тудырады.

2. Жерасты суларының және қауіпті геологиялық процестердің жай-күйі туралы толық және сенімді ақпараттың негізінде есеп берудің дайындығы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
 2006 жылғы 15 желтоқсандағы
 N 1220 қаулысына
 345-ҚОСЫМША

231 н Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Өздігінен төгіліп жатқан ұңғымаларды жою және тұмшалау"
 деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 1250830 мың теңге (бір миллиард екі жүз елу миллион сегіз жүз отыз мың теңге) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 56, 48-баптары ; "Қазақстан Республикасында қатты пайдалы қазбалар, мұнай, газ, жер асты сулары кен орындарын әзірлеу жер қойнауын қорғаудың бірыңғай ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 шілдедегі N 1019 қаулысы ; "Елдің минералдық-шикізаттық кешені ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1449 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : жер қойнауын мұнайлық, радионуклидтік және химиялық ластанудың, табиғи су ресурстары ысырабының алдын алу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : су басу аймағында мұнай ұңғымаларын жою және консервациялау, құрамында радионуклидті жоғары, жоғары дебитті, төгілетін тұщы сулы өздігінен ағатын гидрогеологиялық ұңғымаларды жою және консервациялау .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	017		Өздігінен төгіліп жатқан ұңғымаларды жою және тұмшылау	1. Каспий теңізінің су басу аймағында мұнай ұңғымасын жою және консервациялау. 2. Өздігінен ағатын гидрогеологиялық ұңғыманы жою және консервациялау.	Қаңтар - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т і к е л е й

н ә т и ж е :

1) құрлықта және Каспий теңізінің су басу аймағында 2002-2007 жылдары істелінген жұмыстардан бастап 76 мұнай ұңғымасы, оның ішінде 2007 жылы ұңғыманың жалпы көлемінен 82,6% құрайтын 8 мұнай ұңғымасы жойылды және консервацияланды;
2) 2002-2007 жылдары істелінген жұмыстардан бастап, оның ішінде 2007 жылы ұңғыманың жалпы көлемінен 16,3% құрайтын 360 өздігінен ағатын 117 гидрогеологиялық ұңғыма жойылды және консервацияланды.

Түпкі нәтиже: жер қойнауының мұнайлық, радионуклидтік және химиялық ластану қауіпін төмендету, сондай-ақ 242,2 мың т.м/күн көлемінде табиғи су ресурстарының ысырабын азайту, алаңы 1680,3 мың ш.м астам аумақты құрғату.

Қаржылық-экономикалық

нәтиже:

- теңізде бір ұңғыманы жоюға арналған орташа шығын 80000 мың теңгені құрайды;
- бір гидрогеологиялық ұңғыманы жоюға арналған орташа шығын 5220,7 мың теңгені құрайды.

Уақтылығы: уәкілетті орган бекітетін объектінің жоспарына сәйкес жұмыс жүргізу.

Сапасы: жұмыстар жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес орындалды және құрамында ТЖМ, ҚОҚМ, санэпидқадағалау және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері бар мемлекеттік комиссия қабылдады.

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2006

жылғы

15

желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

346-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007

жылға

арналған

"Мұнай операцияларын жүргізуге арналған келісім-шарттарда, сондай-ақ көмірсутегін тасымалдау, қайта өңдеу және

өткізу кезінде мемлекет мүддесін білдіру"

деген 018 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 300000 мың теңге (үш жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Мұнай туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 маусымдағы Заңының 6-бабы , "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңының 8-бабы ; "Каспий теңізінің қазақстандық секторын

игерудің мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1095 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : мұнай операцияларын жүргізуге келісім-шарттарда, сондай-ақ көмірсутектерін тасымалдау, қайта өңдеу және сату кезінде мемлекеттің мүдделерін сақтау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : мұнай операцияларына келісім-шарттардың сақталу мониторингін ұйымдастыру және жетілдіру, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұнай операцияларын жүргізуге жасалған келісім-шарттарды қамтамасыз ету, мұнай-газ жобаларын сондай-ақ көмірсутектерін тасымалдау, қайта өңдеу және сату бойынша жобаларды іске асырумен байланысты мәселелері жөнінде мемлекеттің мүдделерін білдіру, мұнай операцияларын жүргізу саласында нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, мұнай-газ саласындағы өнімдермен қызметтердің сондай-ақ көмірсутектерін тасымалдау, қайта өңдеу және с а т у д ы ң қ а у і п с і з д і г і .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/c	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	018		Мұнай операцияларын жүргізуге арналған келісім-шарттарда, сондай-ақ көмірсутегін тасымалдау, қайта өңдеу және өткізу кезінде мемлекет мүддесін білдіру	1. Мұнай операцияларына келісім-шарттар талаптарының орындалу мониторингін консультациялық сүйемелдеу. 2. Мұнай операцияларын жүргізуге келісім-шарттардың, соның ішінде өнімді бөлу туралы келісімдердің жобаларын дайындау. 3. Мұнай операцияларын жүргізу саласында нормативтік құқықтық базаны жетілдіру бойынша консультанттарды тарту, мұнай-газ саласындағы өнімдермен қызметтердің сондай-ақ көмірсутектерін тасымалдау, қайта өңдеу және сатудың қауіпсіздігі. 4. Даулы мәселелерді шешу, мұнай операцияларын жүргізудің шарттарын мердігерлердің орындауы және мұнай-газ жобаларын іске асыру кезіндегі басқа мәселелер жөнінде консультанттарды тарту.	Қаңтар - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т і к е л е й

н ә т и ж е :

- 1) мұнай операцияларын жүргізуге арналған кем дегенде 70 келісім-шарттардың мониторинг нәтижелері бойынша есептер;
 - 2) мұнай операцияларын жүргізуге арналған келісім-шарттардың, соның ішінде өнімді бөлу туралы келісімдердің жобаларын дайындау кезінде, сондай-ақ саны кем дегенде 6 келісім-шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде мемлекеттің мүдделерін білдіру бойынша құзыретті органның қажеттілігін қамтамасыз ету;
 - 3) нормативтік құқықтық актілердің жобалары, мұнай операцияларын жүргізу, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды техникалық реттеу, сондай-ақ көмірсутектерін тасымалдау, өңдеу және сатуды техникалық реттеу, сондай-ақ көмірсутектерін тасымалдау, өңдеу және сату саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстар (5-тен кем емес);
 - 4) мұнай-газ саласының жобаларын, сондай-ақ консультанттарды тарту жолымен көмірсутектерін тасымалдау, қайта өңдеу және сату жөніндегі жобаларды іске асыруға байланысты даулы мәселелер бойынша мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз ету.
- Түпкі нәтиже: мұнай-газ салаларының өнімдері мен қызметтерінің қауіпсіздігін мұнай операцияларын жүргізу саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жолымен табиғи ресурстарды пайдаланудың ашық саясатын қамтамасыз ету, мұнай операцияларын жүргізуге, сондай-ақ көмірсутектерін тасымалдау, қайта өңдеу және сату келісім-шарттарды іске асыру кезінде мемлекеттің шығындарының алдын-алу.
- Қаржылық-экономикалық нәтиже: мұнай-газ саласына тікелей инвестициялар тарту.
- Уақтылығы: анықталған шарттар мен техникалық тапсырмалар мерзімдеріне сәйкес.
- Сапасы: толық көлемде және белгіленген мерзімде қызмет көрсету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

347-ҚОСЫМША

Ескерту. 347-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. № 597 қаулысымен.

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Қарағанды шахталарын тарату" РМБК-ке берілген, жабылған шахталар қызметкерлеріне келтірілген зиянды өтеу"

деген 019 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 125 810 мың теңге (бір жүз жиырма бес миллион сегіз жүз он мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 47-тарауы (Ерекше бөлім)

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жойылған шахталар қызметкерлерінің денсаулығына келтірілген залалдың өтемінде азаматтардың құқықтарын жүзеге асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : жойылған шахталар қызметкерлерінің денсаулығына келтірілген залалдың өтемін өз уақытында төлеуді қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	018		"Қарағанды шахталарын тарату" РМБК-ке берілген, жабылған шахталар қызметкерлеріне келтірілген зиянды өтеу	1. Жойылған шахталар қызметкерлеріне индексацияны ескере отырып, залалдың орнын толтыру жөніндегі ай сайынғы төлемдері. 2. Сомаларды жеткізу және жіберу шығындары.	Ай сайын	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :
Тікелей нәтиже: 703 адам санымен "Қарағандышахтатарату" РМБК-ге берілген, жойылған шахталар қызметкерлерінің денсаулығына келтірілген залалды өтеу төлемдері .

Уақтылығы: ай сайын 25-дейін уақтылы төлем.

Сапасы: жойылған шахталар қызметкерлерінің денсаулығына келтірілген залалды өтеу төлемі - 100%.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

348-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007

жылға

арналған

"Ақтөбе облысының облыстық бюджетіне Мәртөк ауданында жеткізуші газ құбырын

салуға берілетін нысаналы даму трансферттері"
деген 021 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. Құны : 783215 мың теңге (жеті жүз сексен үш миллион екі жүз он бес мың теңге)

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : » "Қазақстан Республикасының газ саласын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 маусымдағы N 669 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданының елді мекендерін арзан отын түрімен - ілеспе газбен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : ұзындығы 69,8 км. Ақтөбе-Мәртөк газ құбырын жүргізу құрылысы .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/c	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	021		Ақтөбе облысының облыстық бюджетіне Мәртөк ауданында жеткізуші газ құбырын салуға берілетін нысаналы даму трансферттері	Ақтөбе-Мәртөк газ құбырын жүргізу құрылысының жобасын іске асыру үшін бекітілген ЖСҚ-ге сәйкес ("Мемсараптама" РМК-нің 2006 жылғы 24 маусымдағы N 2-313/06 қорытындысы) Ақтөбе облысының облыстық бюджетін дамытуға арналған мақсатты трансферттерді аудару.	Қаңтар - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: Ақтөбе-Мәртөк газ құбырын жүргізу құрылысы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі .

Түпкі нәтиже: Мәртөк ауданының елді мекендерінің арзан отынға (ілеспе газға) қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін газ құбырларын пайдалануға қосу.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: республика үшін экономикалық тиімділік Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының елді мекендерін отынның арзан түрімен - ілеспе газбен

қамтамасыз ету арқылы қол жеткізіледі.

Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес жұмыстардың жоспар-кестесіне сәйкес.

Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

Е с к е р т у :

*) Жобалық-сметалық белгіленген заңнамалық тәртіппен бекітілген құжаттамаға сәйкес Ақтөбе-Мәртөк газ құбырын жүргізуші жөніндегі жобалар мен іс-шаралардың тізбесі, сондай-ақ күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер жергілікті бюджеттік бағдарламаларға сәйкес паспорттардан көрінеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

N 1220 қаулысына

349-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдаланушылар жөнінде ақпараттық жүйені дамыту" деген 022 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 211037 мың теңге (екі жүз он бір миллион отыз жеті мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : » "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңының 55-61-баптары ; "Елдің минералдық-шикізаттық кешені ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1449 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1107 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жер қойнауы туралы деректердің мемлекеттік банкіні дамыту .

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану саласында мемлекеттік органдардың жедел шешім қабылдауға арналған сандық геологиялық ақпараттарын қалыптастыру; ішіне бастапқы геологтық-геофизикалық ақпараттар ене, жер қойнауы туралы ақпараттық материалдардың бүтіндігін, жинақталу мүмкінділігін, стандарттау және рұқсатпен енді қамтамасыз ету .

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

N p/c						
-------	--	--	--	--	--	--

	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	021		Жер қойнауы және жер қойнауын пайдаланушылар жөнінде ақпараттық жүйені дамыту	<p>1. Жер қойнауы туралы деректер Банкі шеңберінде геологтық-геофизикалық материалдардың электрондық архивін ұйымдастыру (I-кезең):</p> <p>1) геологтық ақпараттың іздеу мен сұранымдарды орындалуының автоматтық жүйесін жасау.</p> <p>2) компьютерлік жабдықты сатып алу (сервер, плоттерлер).</p> <p>3) қызметтерді электрондық архивпен жұмыс істеуге үйрету.</p> <p>2. Жер қойнауы туралы деректер Банкі шеңберінде геологтық-геофизикалық материалдардың электрондық архивін ұйымдастыру (II-кезең):</p> <p>1) жер қойнауы туралы деректер Банкі шеңберінде бағдарламалық қамсыздандыруларды жасау мен біріктіру;</p> <p>2) Қазақстан Республикасы картографиялық ақпараттың банкін құру;</p> <p>3) компьютерлік техниканы сатып алу (табақшалық массив, сканер, кросс-шкафы);</p> <p>4) лицензиялық бағдарламалық қамсыздандыруларды сатып алу.</p> <p>3. Жер қойнауы туралы деректердің аумақтық компьютерлік банктерін ұйымдастыру (I-кезең):</p> <p>1) компьютерлік техниканы сатып алу (үздіксіз коректену көздері, принтерлер, бағыттауыш, компьютерлер, ноутбук);</p> <p>2) лицензиялық бағдарламалық қамсыздандыруларды сатып алу;</p> <p>3) аумақтық басқармаларды арнаулы бағдарламалық қамсыздандырулармен қамтамасыз ету.</p> <p>4. "Электрондық үкімет" порталы үшін деректер даярлаудың компьютерлік жүйесін жасау:</p> <p>1) арнаулы бағдарламалық қамсыздандыруларды жасау;</p> <p>2) ақпараттық ресурстарды біріктіру</p>	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық

			мен, "электрондық үкімет" порталына деректерді беруді жүргізу. 5. Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің ситуациялық орталығын құру: 1) техникалық проектті жасау; 2) компьютерлік жабдықты сатып алу (үздіксіз қоректену көздері, принтерлер, бағыттауыш, компьютерлер, ноутбуктер); 3) бағдарламалық қамсыздандыруларды жасау; 4) жер қойнауы туралы деректердің банкін СО-ның комплексіне икемделу.	ресурстар министрлігі
--	--	--	---	-----------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тура нәтиже: Геологиялық-геофизикалық материалдардың электрондық архивін құру; аумақтық компьютерлік орталықтарын құру; "Электрондық үкімет" порталы үшін деректер даярлаудың компьютерлік жүйесін жасау; Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің ситуациялық орталығын құру.

Түпкі нәтиже: 2300 өндеуге мүмкіндіктері бар геологиялық есепнамалар; ОДБ-на қосылған 1 аумақтық басқарма.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: Геологиялық ақпаратты іздеу мен көбейту шығындарын 50%-ға қысқарту; геологиялық ақпарат құнын 5%-ға, жер қойнауын пайдалану объектері мен минералдық-кешенінің тартымдылығын бүтіндей жоғарылату.

Уақтылығы: электрондық архив жүйесін пайдалануға жіберу; аумақтық басқармаларды ОДБ-на қосу; геология комитетінің ситуациялық орталығын жіберу.

Сапасы: жасалып жатқан бағдарламалар халықаралық стандарттарға сай, осы заманғы технология мен техникалық база негізінде жасалған; пайдаланатын бағдарламалық қамту лицензиялық болып табылады; геологиялық материалдарды толтыру осы заманғы компьютерлік технологияларды пайдалану мен осы заманғы магниттік тасымалдау негізінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

350-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007

жылға

арналған

"Арнайы бақылау станцияларында тіркелген ядролық жарылыстар мен жер сілкіністерінің тарихи сейсмограммаларының мұрағатын қағаздағы жазбадан

№ р /с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	023		Арнайы бақылау станцияларында тіркелген ядролық жарылыстар мен жер сілкіністерінің тарихи сейсмограммаларының мұрағатын қағаздағы жазбадан электрондық жеткізушілерге көшіру	1. Шамамен 1965 жылдан 1975 жыл аралығындағы кезеңдердегі қағаз жеткізушілер (Семей, Бурабай, Талғар станциялары және басқалар) мен магнитті жеткізушілердегі (Ақтөбе, Курчатов, Бурабай, Талғар станциялары және басқалары) мұрағаттық сейсмограммаларды тексеру, іріктеу және құжаттау. 2. Магнитті мұрағаттық сейсмограммаларды (1970 жылғы жазу стандарты) жаңа жеткізушілерге қайта жазу үшін аппаратуралық-бағдарламалық кешен жасау. 3. Іріктелген мұрағаттық қағаз сейсмограммаларды цифрлау. Мұрағаттық магнитті сейсмограммаларды қазіргі заманғы форматтарға қайта жазу. 4. АСАЖӨО-ға деректерді байланыс арналары бойынша беру, ядролық сынақ полигондарына жақын жерасты ядролық жарылыстарының, химиялық зерттеу жарылыстарының және жер сілкіністерінің цифрланған және цифрлы жазбаларының бірыңғай базасын жасау.	Қаңтар - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: 1965-1975 жылдардағы станциялар тобы бойынша қағаз және магнитті жеткізушілерге арналған ядролық жарылыстардың мұрағаттық сейсмограммаларының к а т а л о г ы ж а с а л д ы ;

Курчатовта және Бурабайда (1970 жылғы жазу стандартына арналған) магнитті жеткізушілерге сейсмограммаларды қайта жазу үшін қолданылатын технологиялық ж е л і л е р ;

қағаз және магнитті жеткізушілерден ядролық жарылыстардың цифрланған/қайта форматталған мұрағаттық сейсмограммалары;

2005-2007 жылдары цифрланған/қайта форматталған жерастындағы ядролық жарылыстардың толықтырылған жазбалар базасы.

Түпкі нәтиже: 2010 жылы жұмыстарды бітірумен ұлттық деректер орталығы мәртебесі

бар, АСАЖӨО дерекқорына біріктірілген ядролық сынақ полигондарына жақын жерасты ядролық жарылыстарының, химиялық зерттеу жарылыстарының және жер сілкіністерінің цифрланған және цифрлы жазбаларының бірыңғай базасы; қағаз жеткізушілерден ядролық жарылыстардың мұрағаттық жазбалары цифрланды. Уақтылығы: күнтізбелік жұмыс жоспарына сәйкес.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: қажетті көлемде ақпаратты алуға және беруге у а қ ы т т ы е д ә у і р қ ы с қ а р т у .

Сапасы: ұсынылатын ақпараттың сенімділігі және толықтығы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

N 1220 қаулысына

351-ҚОСЫМША

Ескерту. 351-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.04.09. N 279 , 2007.07.13. N 597 , 2007.11.06. N 1052 қаулыларымен.

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жылу-энергетика жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері" деген 024 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 31 565 046 (отыз бір миллиард бес жүз алпыс бес миллион қырық алты м ы ң т е ң г е) .

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының"2007 жылға арналған республикалық бюджеті туралы" 2006 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 4 мамырдағы N 111 Жарлығы; "Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 624 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : тұрғын үй аймақтары мен қоғамдық ғимараттарды сенімді жылу және электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жылу желілерінің жабдықтарын кеңейту және жаңғырту үшін жағдайларды қамтамасыз ету; электрмен жабдықтаудың с е н і м д і л і г і н а р т т ы р у .

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

N p/c						
-------	--	--	--	--	--	--

	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	024		Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жылу-энергетика жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	<p>Облыстық бюджеттеріне, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мақсатты даму трансферттерін "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің сәйкес сомалар шегінде белгіленген заңнамалық тәртіппен бекітілген ЖСҚ тәртібіне сәйкес мынадай инвестициялық жобаларды іске асыруға аудару:</p> <p>1. Астана қаласының 2-ЖЭО, жылу желілері мен электр желілері объектілерін кеңейту және жаңарту (Мемсараптау» РМК-ның 2005 жылғы 10 қазандағы N 2-705/05; 2003 жылғы 4 шілдедегі N 2-239/2003 ЖСҚ бойынша қорытындысы);</p> <p>2. Астана қаласында 2*40 МВА және ЛЭП ПОкВ трансформаторлар тізбегінде айырғыштары бар 110/10 кВ»Степная» ҚС (Мемсараптау РМК-ның 2005 жылғы 1 желтоқсандағы N 2-827/05 ЖСҚ-қа қорытындысы);</p> <p>3. Астана қаласындағы 2*40 МВА және 110 кВ ЛЭП трансформаторлары бар N 17 (Жұлдыз) тұрғын ауданындағы 110/10 ПС-ның кернеулі құрылысы (Мемсараптау РМК-ның 2006 жылғы 28 наурыздағы N 2-145/06 ЖСҚ қорытындысы);</p> <p>4. Астана қаласында» 14 Тұрғын үй аймағы (Жаңа жол) 110/10 кВ ҚС құрылысы, оның ішінде өз құнының елу пайызынан аспайтын мөлшерде материалдар мен жабдықтарға тапсырыс беру үшін аванс аудару;</p> <p>5. Астана қаласының N 7, 8 станцияларының қазандық агрегаттарын, N 5, 6 станцияларының құбыр агрегаттарын және су жылыту қазандығын орнатып 2-ЖЭО</p>	Қаңтар - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарының және Астана қаласының әкімдіктері

кеңейту және қайта құру («Мемсараптау» РМК-ның 2005 жылғы 23 маусымдағы N 2-364/05 ТЭН бойынша қорытындысы);
6. Астана қаласының сол жақ жағалау бөлігінде жылу магистралінің құрылысы, 3-іске қосу («Мемсараптау» РМК-ның 2006 жылғы 6 шілдедегі N 2-338/06 ЖСҚ қорытындысы);

7. *(алынып тасталды - 2007.07.13. N 597)*

8. Астана қаласында 2*63 МВА және ЛЭП 110 кВ трансформаторлары бар» Заречная-Новая» 110/10 кВ ҚС құрылысы («Мемсараптау» РМК-ның 2005 жылғы 14 шілдедегі N 2-437/05 ТЭН бойынша қорытындысы);

9. Алматы қаласындағы "Орбита" аудандық қазандығын қайта жаңарту және кеңейту («Мемсараптау» РМК-ның 2005 жылғы 19 мамырдағы N 7-53-2/2005 ЖСҚ қорытындысы).

10. Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласында орталық жылумен жабдықтау схемасында сақталған жұмыс істеп тұрған қазандықтар мен ЖЭО-ның қуаттарының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу және оларды жаңғырту, жылу желілерін қайта жаңарту («Мемсараптама» РМК-нің 2006 жылғы 15 наурыздағы N 2-122/06 қорытындысы);

11. *(алынып тасталды - 2007.07.13. N 597)*

12. Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының жылу желілерін салу және қайта жаңарту (ТЭН-ге «Мемсараптама» РМК-нің 2007 жылғы 7 ақпандағы N 18-33/2007 қорытындысы);

13. Атырау қаласы мен Атырау облысының электрмен жабдықтау объектілерін салу (ТЭН бойынша

				"Мемсараптама" РМК-нің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 2-113/06 қорытындысы); 14. Алматы қаласын- дағы "Алматы жылу желілері" АҚ-ның жылу желілерін қайта жаңарту. 15. "ПНФ" ПС 110/10 Кв кіші станциясын қайта жаңарту.		
--	--	--	--	--	--	--

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: жобалар бойынша көлемді орындау:

1. Астана қаласының ЖЭО-2, жылу желілері мен энергия желілері объектілерін кеңейту және жаңғырту.
2. 5 қосалқы станция салу.
3. Астана қаласының N 7, 8 станцияларының қазандық агрегаттарын, N 5, 6 станцияларының құбыр агрегаттарын және су жылыту қазандығын орнатып ЖЭО-2 кеңейту және қайта жаңарту.
4. Астана қаласының сол жақ жағалаудағы бөлігінде жылу магистралін салу 3-іске қосу.
5. *(алынып тасталды - 2007.07.13. N 597)*
6. Алматы қаласындағы "Орбита" аудандық қазандығын қайта жаңарту және кеңейту.
7. бекітілген ЖСҚ және Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласындағы орталық жылумен жабдықтау схемасында сақталған жұмыс істеп тұрған қазандықтар мен ЖЭО-ның қуаттарын жаңғырту, жылу желілерін қайта жаңарту.
8. *(алынып тасталды - 2007.07.13. N 597)*
9. Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының жылу желілерін салу және қайта жаңарту ;
10. Атырау қаласы мен Атырау облысының электрмен жабдықтау объектілерін салу;
11. Алматы қаласындағы "Алматы жылу желілері" АҚ жылу желілерін қайта жаңарту.

Түпкі нәтиже: тұрғын үй аймақтары мен қоғамдық ғимараттарды сенімді жылу және электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін объектілерді пайдалануға қосу.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: республика үшін экономикалық тиімділікке елді мекендерді жылу және энергиямен жабдықтауды жақсарту жөніндегі іс-шараларды іске асыру арқылы қол жеткізіледі.

Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес жұмыстардың жоспар-кестесіне сәйкес.
Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

Е с к е р т у :

*) Белгіленген заңнамалық тәртіппен бекітілген жобалық-сметалау құжаттамасына сәйкес энергетикалық объектілердің құрылысы жөніндегі жобалар мен іс-шаралардың

тізбесі, сондай-ақ күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

352-ҚОСЫМША

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
ведомстволарын көшіру"

деген 025 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 444756 мың теңге (төрт жүз қырық төрт миллион жеті жүз елу алты мың теңге) .

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** :
"Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің мәселелері" Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1107 қаулысы ; "Қазақстан
Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Атом энергетикасы
комитетінің мәселелері" 2004 жылғы 28 қазандағы № 1108 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің
қаражаты .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : комитеттер жұмысының тиімділігін
арттыру, мемлекеттік жедел басқаруды қамтамасыз ету.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Геология және жер қойнауы комитеті
оның "Қазгеоақпарат" республикалық
геологиялық ақпарат орталығы (бұдан әрі - "Қазгеоақпарат" РҒАО)
ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемесімен бірге, және Атом энергетикасы
комитетінің Астана қаласына қоныс аударуы.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.08.17. № 700
Қаулысымен .*

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7

1	025	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі ведомстволарын көшіру	Астана қаласына Комитеттердің "Қазгеоақпарат" РГАО-ның қоныс аударуын қамтамасыз ету: 1. Буып-түю, тиеу-түсіру бойынша шығыны. 2. Телефондар мен байланыс арналарын орнату. 3. Қоныс аударуға байланысты көлік шығыны. 4. Сөрелерді құрастыру және бөлшектеу, геологиялық қор үшін қосымша сөрелерді жасау. 5. Комитет қызметкерлерінің Астана қаласына жол жүру ақысын төлеу шығыны. 6. Өтемақы төлеу шығыны. 7. Тұрғын үй сатып алу (кезең).	Қаңтар - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
---	-----	---	---	--------------------	---

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.08.17. N 700 Қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :
Тікелей нәтиже: мемлекеттік жедел басқаруды қамтамасыз ету және комитеттер жұмысының тиімділігін арттыру үшін Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті, "Қазгеоақпарат" РГАО мен Атом энергетикасы комитетінің Астана қаласына қоныс аударуы.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.08.17. N 700 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
353-ҚОСЫМША

Ескерту. 353-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 , 2007.11.06. N 1052 қаулыларымен.

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Қазақстанның оңтүстік өңірі тұтынушыларын тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету"
деген 026 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. Құны : 6945108 мың теңге (алты миллиард тоғыз жүз қырық бес миллион бір жүз сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : Қазақстан Республикасының "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2006 жылғы

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : электр энергиясының жетіспеушілігін жабу , электр энергиясында бағаның тұрақты деңгейін сақтау кезінде оңтүстік өңірлерде туындаған Оңтүстік Қазақстанның тұтынушыларын тұрақты энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Т.И. Батуrow атындағы Жамбыл мемлекеттік аудандық электр станциясын (бұдан әрі - ЖМАЭС) қосу және оңтүстік өңірлерде туындаған электр энергиясының жетіспеушілігін жабу мақсатында оның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету; Оңтүстік Қазақстанның тұрғындары үшін отын жеткізілімі бойынша шығындардың өтемақы жолымен электр энергиясына тұрақты тарифтерді сақтау .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	026		Қазақстанның оңтүстік өңірі тұтынушыларын тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету	"ҚазТрансГаз" АҚ қаражаттарын аудару : 1) отын жеткізілімі үшін шығындарды өтеу бойынша шығыстар (2006 жылғы қаңтар-мамыр, қараша-желтоқсан); 2) 2007 жылғы қаңтардан мамырға дейін электр энергиясына белгіленген тарифтерді сақтауға қажетті отынның құны мен тасымалдау шығыстарын ескеріп, Т.И. Батуrow атындағы Жамбыл мемлекеттік аудандық электр станциясының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында тұтынушылар үшін отын сатып алу бағасының арасындағы айырманы жабу шығыстары.	Қаңтар - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, "ҚазТрансГаз" АҚ

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :
Тікелей нәтиже: ҚҚС табиғи газды бағалау кезінде 2962 млн.кВтс-қа дейінгі көлемде ЖМАЭС шиналармен бірге электр энергиясын жіберу 69,63 \$/мың.н.м.куб-қа дейін (\$ есептеу курсы бойынша 128 теңге) және/немесе резервтік отынды (мазут) пайдалану. Түпкі нәтиже: (2900 МВт) күтілетін»ең жоғары»жүктеме шектерінде Оңтүстік Қазақстанды тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: өндірілген электр энергиясына белгіленген

тарифтерді сақтау.

Уақыттылығы: шартқа сәйкес.

Сапасы: 2006-2007 жылдар аралығындағы Жамбыл, Алматы, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Алматы қаласының тұрғындарын электр энергиясымен жабдықтау қажеттіліктерімен қанағаттандыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
353-1-ҚОСЫМША

Ескерту. 353-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 қаулысымен.

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
027 "Облыстардың немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыруға арналған нысаналы трансферттер" деген республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 500 000 мың теңге (бес жүз миллион теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы" (екінші оқылым) 2007 жылғы 19 маусымдағы N 94-III ҚРҰ Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысы.

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : 2007-2008 жылдардағы жылу беру маусымына Арқалық қаласының жылумен жабдықтау объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қостанай облысы Арқалық қаласының жылумен жабдықтау объектілерін отынмен қамтамасыз ету үшін жағдай жасау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	027		Облыстардың немесе аудандардың (облыстық	"Арқалық ЖЭК" МКК үшін 2007-2008 жылдарда	шілде - желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және

		маңызы бар қалалардың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыру-ға арналған нысаналы трансферттер	жылу беру маусымына отындық мазутты сатып алуға Қостанай облысының облыстық бюджетіне нысаналы трансферттер-ді аудару.	минералдық ресурстар министрлігі Қостанай облысының әкімдігі, Арқалық қаласының әкімдігі.
--	--	--	--	---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : тікелей нәтиже: 2007-2008 жылдарда жылу беру маусымына Арқалық қаласында жылумен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін 22,3 мың тоннадан кем емес көлемде отындық мазут сатып алу.

Түпкілікті нәтиже: "Арқалық ЖЭК" МКК-нің тиімді жұмыс істеуі және жылумен жабдықтау қызметтерін үздіксіз ұсынуы.

қаржы-экономикалық тиімділігі: республика үшін экономикалық тиімділікке Қостанай облысының Арқалық қаласын жылумен жабдықтауды жақсарту жөніндегі іс-шараларды іске асыру жолымен қол жеткізіледі.

Уақытылығы: жасалған шарттарға сәйкес жұмыстардың жоспар-кестесіне сәйкес.

Сапасы: нормалар мен ережелерге сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

354-ҚОСЫМША (өте құпия)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1220 қаулысына

354-1-ҚОСЫМША

Ескерту. 354-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. № 597 қаулысымен.

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

029 "Қазақстан Республикасында өндіру салалары қызметтерінің ашықтық бастамаларын іске асыру"

деген республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 13 000 мың теңге (он үш миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңының 63-бабы, "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпы ұлттық іс-шаралар жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 - 2008 жылдарға

арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесінің 52 - тармағы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : 2005 жылғы 5 қазандағы "Қазақстан Республикасында өндіруші салалар қызметінің ашықтығы бастамасын іске асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : өндіруші салалар қызметінің және Қазақстан Республикасына өндіруші компаниялардан түсетін кірістің транспаренттігін а р т т ы р у .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
	029		Қазақстан Республикасында өндіру салалары қызметтерінің ашықтық бастамаларын іске асыру	1. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен өндіруші компаниялар ұсынған бюджетке түсетін төлемдердің есептерін салыстыруға аудиторлық компания тарту.	Екінші жарты жылдық	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : тікелей нәтиже: баспасөзде жарияланатын Қазақстан Республикасы Үкіметі мен өндіруші компаниялар ұсынған бюджетке түсімдер мен төлемдер туралы аудиторлық компанияның тәуелсіз е с е б і .

Түпкілікті нәтиже: өндіруші салалар қызметінің және Қазақстан Республикасына өндіруші компаниялардан түсетін кірістің транспаренттігін арттыру.

Қаржылық-экономикалық тиімділігі: елдің рейтингін көтеру және өндіруші салаларға инвестиция тарту .

Уақтылылығы: шартпен және техникалық тапсырмалармен анықталған мерзімдерге с ә й к е с .

Сапасы: толық көлемде және белгіленген мерзімде қызмет көрсету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы

Ескерту. 354-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. № 597 қаулысымен.

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007

жылға

арналған

036 "Түркменстан шаруашылық жүргізуші субъектілер алдында Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының борышын өтеу жөнінде іс-шараларды жүргізу" деген республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 1849826 мың теңге (бір миллиард сегіз жүз қырық тоғыз миллион сегіз жүз жиырма алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заң жобасы туралы" Қазақстан Республикасы Парламентінің 2006 жылғы 8 желтоқсандағы № 194-III ҚРП қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : борыш міндеттемелері мен талаптарын реттеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Түркменстан ұйымдарының алдында берешектерді өтеу.

6. Бюджеттік бағдарламаның іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/c	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	036		Түркменстан шаруашылық жүргізуші субъектілері алдында Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының борышын өтеу жөнінде іс-шараларды жүргізу	Түркменстан шаруашылық жүргізуші субъектілері алдында "Қазақстанэнергетика ҰӘЖ" республикалық мемлекеттік кәсіпорынының берешектері бойынша талаптар құқығын сатып алу жөніндегі іс-шараларға "ДостықЭнерго" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру; Олар: 1) 1996-1997 жылдары жеткізілген электр энергиясы үшін "Кувват" ТГЭК; 2) 1993-1994 жылдары газ және	шілде-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық

			электр энергиясын тұтыну үшін мөлшері "Туркменгалланумлеи" нан өнімдері ассоциациясына.	ресурстар министрлігі
--	--	--	---	-----------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: акционерлік қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыру.

Түпкілікті нәтиже: Түркменстанның шаруашылық жүргізуші субъектілер алдында
б о р ы ш т ы ө т е у і .

Уақытылығы: осы паспорттың 6-тармағына сәйкес іс-шаралар жоспарын орындау.

Сапасы: борыш міндеттемелерін өтеу.